

КӨКЕЙКЕСТІ

ШЕШІМІН КҮТКЕН



Мемлекеттік бюджеттің орындалуы барысында жылдан-жылға жүйелі сипатқа ие, өз шешімін әлі күнге дейін таппаған біраз кемшілік бар екенін жасырудың қажеті жоқ. Ол бәрімізге айғақ. Бюджет қаражатының тиісті түрде игерілмеуі, бюджетті жоспарлаудың және бюджеттік тапсырыстарды қалыптастырудың тиімсіздігі, Ұлттық қордың қаражатын ұтымсыз пайдалану сияқты мәселелер көп.

ТҮЙІН

Өздеріңіз білетіндей, Елбасы былтырғы Жолдауында мемлекеттік мекемелердің қаражатты игеруінің тиімділігін тексеруді, әсіресе республикалық бюджеттің 40 пайыздан астамын құрайтын денсаулық сақтау, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, білім және ғылым министрліктерінен бастау керектігін айтып өтті.

Есеп комитеті мен үкіметтің есептерінде көрсетілгендей, аталған министрліктер бюджет қаражатын игермеу бойынша көшбасшы болып табылады. Игерілмеген қаражаттың басым көпшілігі үнемдеудің арқасында болған. Мемлекеттің ақшасын үнемдеген, әрине, жақсы. Бірақ бұл жағдай нақты көрсеткіштің белгісі емес.

Өйткені денсаулық сақтау саласы бойынша 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде «Аналар өлімі», «Катерлі ісіктері

бар науқастардың бес жыл өмір сүруі» және денсаулық сақтау министрлігінің Стратегиялық жоспары максаттарының кейбіреуі жарым-жартылай орындалған немесе мүлдем орындалмаған.

Бұдан бөлек, медициналық техникамен жабдықтаудың қамтылуы жеткіліксіз деңгейде қалуда. Материалдық база мен медициналық қызметкерлердің жетіспеушілігі, кадрлардың тұрақсыздығы мен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің толық еместігі сияқты денсаулық сақтау проблемалары өз шешімін таппай отыр.

Білім беру саласында мектептердің апатты жағдайда тұрғаны мен үш ауысымдығын жою мәселелері тиісті деңгейде шешіліп жатқан жоқ, яғни тиісті көрсеткішке жыл сайын толық қол жеткізілмейтіні байқалады.

(Жалғасы 3-бетте)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Парламент Мәжілісінің кезекті пленарлық отырысында «Қазақстанның кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік функцияларды бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы қаралды. Құжатты ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов таныстырды. «Ұлт жоспарындағы» міндеттерді жүзеге асыру мақсатында дайындалған заң жобасын талқылау кезінде Парламенттегі «Ақ жол» фракциясының мүшесі, депутат Азат Перуашев «Егер мемлекеттік функцияларды бәсекелестік ортаға берсек, онда елдегі шенеуніктердің санын қысқарту керек» деген мәселе көтерді. «Қазақстандағы мемлекеттік қызметкерлердің саны Жапониядан 80 есе көп» деп мәлімдеме жасаған халық қалаулысын жиыннан кейін сөзге тарттық.

ШЕНЕУНІК КӨП. ҚЫСҚАРТУ КЕРЕК



— Азат Тұрлыбекұлы, еліміздегі шенеуніктердің санын қысқарту керек деген мәселе көтеріп, бұрын-соңды айтылмаған статистиканы мысалға келтірдіңіз. Мемлекеттік қызметкерлердің қатарын азайтқаннан не ұтамыз?

— Қарап отырсақ, Қазақстан экономикасында жұмыс істейтіндердің 21 пайызы — шенеуніктер немесе ұлттық компаниялардың менеджерлері екен. Біздің елімізде шенеуніктер саны басқа мемлекеттермен салыстырғанда өте көп. Мәселен, Америкада — 14%, Австрияда — 10%. Ал 128 миллион халқы бар Жапонияда небәрі 9 мың ғана шенеунік бар. Бізде 18 миллион халыққа — 100 мың шенеунік. Жапонияда бір шенеунікке 14 мың адамнан келсе, бізде бір шенеунікке — 180 адам. Сонда бізде шенеуніктер саны Жапониямен салыстырғанда 80 есе көп. Бұл не деген сұмдық?! Осыдан кейін Қазақстан мен Жапонияның жағдайын салыстырыңыздар. Сондықтан «Ақ жол» фракциясы мемлекеттік органдар атқаратын функцияларды мемлекеттік емес ұйымдарға берген кезде, сол қызметтерді атқарған шенеуніктерді қысқартуды және оларға жұмсалған бюджетті азайтуды талап етеді.

— Сіздің алдыңызда ұлттық экономика министрі де сөзге тарттық. Бірақ Тимур Сүлейменов сіз келтірген деректеріңізді жоққа шығарып отыр. Шенеуніктердің үлесі халықтың 21 пайызына да жетпейді дейді. Кімнің сөзіне сенеміз?

— Министр бұл пікірін маған емес, ОЭСР, яғни экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) алдында барып айтып, дәлелдесін! Өйткені, бұл Елбасының берген тапсырмасы. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін біз жаңағы айтқан ЭЫДҰ-ның талаптарына сай жүргізуіміз керек. Егер Тимур Сүлейменов оған келіспесе, оны өзі біледі. Мәселен, «Ұлт жоспарының 97 қадамында мемлекетке тән емес және басы артық қызметтерді бәсекелестік ортаға немесе өзін-өзі реттеуші ұйымдарға беру керектігі айқын жазылған. Алайда бүгін біз үшін бәсекелес ортаға берілетін функцияның мемлекетке тән еместігі қандай критерий бойынша анықталатынын түсініксіз болып отыр. Ал басы артық функцияларға келетін болсақ, біздің ойымызша, олардан мүлде бас тартқан жөн.

Бейсен НАРЫНБЕК, Астана

ЖӘДІГЕР

ДОМБЫРА КҮНІ

Елімізде енді шілде айының алғашқы жексенбісі «Ұлттық домбыра күні» ретінде аталып өтеді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлттық домбыра күні» туралы Жарлыққа қол қойды.

Жарлықта бұл күннің қоғамды ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтау мен қайта жаңғырту идеясының төңірегінде одан әрі топтастыру мақсатында аталып өтетіні жазылған. Жарлықтың орындалуын қадағалау міндеті Президент Әкімшілігіне жүктелді.

Домбыра қазақтың ұлттық 7 қазынасының бірі десек те болады. 2007 жылы ғалымдар мемлекет пен халықтың рухани дамуына, соның ішінде қалыптасуына ықпал еткен 7 ерекше мәдени құбылысты анықтаған. Бұл тізімге домбыра да кірді. 2010 жылы домбыра



Гиннестің рекордтар кітабына енді.

Кейбір мәліметтерге сенсек, домбыраның 4 мың жылдық тарихы бар деп айтылады. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында жазылғандай, ұлттық жаңғыру — бұл ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Сол мақалада «Ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс», — деп жазылған. Домбыра қазақ үшін киелі, қасиетті аспап. Жәдігермен әсем ән де, күмбірлеген күй де шығарған. Домбыра қазақтың қуанышы мен жұбанышына айналған мұра. Қасиетті қара домбыраны қадірлей білейік!

Жарас ШӨКЕ



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent) **76,80**


DOLLAR **335,67**

EURO **394,58**

РУБЛЬ **5,34**

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

Ақша берме, Алтын бер, Парақор деп жүрмесін



(Жалғасы 3-бетте)



7 KUN 168 SAĞAT

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ҮКІМЕТ

Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен үкімет отырысында шағын және орта бизнесті дамытуды (ШОБ) цифрландыру мәселесі қаралды.

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бойынша «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының іс-шараларын орындау барысы туралы ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов баяндама жасады. Мемлекет басшысы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында «бір терезе» қағидаты бойынша бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету



электронды форматқа шығаруды көздеп отырмыз», — деп түсіндірді. Бұдан өзге, бизнес үшін ашық цифрлық платформаны құру бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Онда басқарушылық

Жүйе негізсіз тексеру санын азайтуға, адал кәсіпкерлердің жұмысына араласуды қысқартуға мүмкіндік береді. Өз кезегінде, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы (ҰҚП) басқарма төрағасының орынбасары Елдар Жұмағазиев цифрландырудың

ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТҚА КӨШІРІЛЕДІ

үдерістерін цифрландыруды қамтамасыз ету қажеттігін, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің интеграциясы «бір өтініш» қағидаты бойынша жекелеген мемлекеттік қызмет көрсетуден кешенді қызмет көрсетуге көшуге мүмкіндік беретінін атап көрсеткен болатын.

Т.Сүлейменовтың айтуынша, egov.kz порталында бизнеске және халыққа ұсынылатын 746 мемлекеттік қызметтің 452-сі автоматтандырылған. Онда 6,8 миллионнан астам пайдаланушы тіркелген. Олар 190 млн-нан астам қызмет алып отыр. 3,3 млн-нан астам қолданушы мобильдік қосымшаны қолданады. Оларға 10 млн-нан астам қызмет көрсетілген. Ол «Осылайша, біз барлық мемлекеттік қызметтерді, оның ішінде операциялық қызметтерді, сонымен қатар мемлекеттік қолдау шараларын баламасыз негізде

үшін қажетті сервисті орналастыру жоспарланған. Сондай-ақ министр болжамға сәйкес, 2022 жылға қарай 100-ден астам АТ-компания сервистерін платформада жариялайтынын, оның ішінде 10 сервис оған орналастырылғанын айтты. Бұл орайда платформа қолданушыларының саны 150 мың субъектіден аспайды.

ШОБ цифрландырудың келесі маңызды факторы ретінде Тимур Сүлейменов ШОБ мемлекеттік қолдау шаралары бойынша «Бір терезе» порталын құруды атап өтті. Аталған жұмыс аясында ұлттық экономика, ауыл шаруашылығы, инвестициялар және даму министрліктері оңтайландырылуы және автоматтандырылуы тиіс 52 қолдау құралынан тұратын тізімді жасалды. Қазіргі кезде 15 мемлекеттік қолдау шарасы толық автоматтандырылды.

шешімдерді қабылдауды жеңілдету және ішкі процесті автоматтандыру

мүмкіндіктерін жаппай пайдалануды қамтамасыз ету үшін қала мен аудан орталықтарында құрылған кәсіпкерлерге қызмет көрсететін барлық орталықтардың жұмысын цифрландыру ұсынылатынын айтты.

Ауылдық жерлерде қызметін жүргізетін кәсіпкерлердің құзыреттілігін көтеру үшін былдан бастап цифрлық сауаттылықты арттыруға арналған оқыту бағдарламасы іске қосылады. Жыл сайын оған 15 мыңнан астам кәсіпкер тартылады. Бүгінгі таңда бұл бағдарлама бойынша 7 мыңнан астам адам оқытылды.

Е.Жұмағазиевтің айтуынша, автоматтандыру бизнеске қаржылық емес қолдау көрсетуге бөлінетін бюджетті қысқартуға, қамту бөлігін ұлғайтуға, құжат айналымын төмендетуге, кенешшілер санын оңтайландыруға мүмкіндік береді. Бұл бизнес шығындарын 2022 жылға қарай 8,4 млрд теңгеге қысқартады», — делі.

(Өз тілшіміз)

Әлеумет.t⁰

Адамның бойында биік парасаттылықты, жоғары талғамды, елі мен жеріне деген ыстық ықыласын қалыптастырып, оның эстетикалық қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған мәдени құндылықтардың ішіндегі ең кен тарағаны — ән. Бұл барлық халықтарға тән.

Біздің елімізде де ән өнері халықтың сұранысына ие музыкалық шығарма ретінде жан-жақты дамуда.

Ғасырлар қойнауынан бастау алатын халықтық әнмен бірге заманауи әндер де қатар дамып қанат жайды. Талапты әрі талантты жас буын әншілер қалыптасты. Халықтың құрметіне бөленген, шет елдерге ел атын шығарған хас шеберлер де бар.

Дегенмен, қоғамда осы салаға, әсіресе, эстрада жанрындағы әншілердің өнеріне, әннің мәніне орынды сыйлар айтылууда.

Тұрғындармен кездесулерде олар ән өнерінің болашағына

елдерде де танымал аға буын әншілердің де пікірі осындай.

Әлемнің дамыған елдерінде фонограмманы қолдану мәселесі заңдылық тұрғыдан шешілген. Мысалға, АҚШ-та фонограмманы заңсыз қолдану, концерттік іс-шараларды рұқсатсыз өткізу алаяқтық болып есептеледі және заңмен қудаланады. Ұлыбритания, Малайзия, Индонезия мемлекеттерінде бұл мәселе лицензиялау арқылы реттеледі. Сол сияқты, Қытай, Ресей Федерациясы, Өзбекстан, Түрікменстан және Беларусь елдерінде де фонограммаға шектеу қойылған.

Ән өнеріндегі тағы бір өзекті мәселе — әннің мәні. Ән сөзіне қойылар талап жоғары болуы тиіс. Әннің жүректі жаулар әуені оның мағыналы мәнімен астасып жатса, ол — рухани байлық.

Өкінішке орай, мағынасыз мәніндегі шығарылған әуенсіз әндер көбейуде.

Мәтіні тұрпайы, кей жерлерінде анайылыққа дейін

ФОНОГРАММАҒА СЫН КӨП

аландаушылықтарын білдіріп, бұл саланың жекелеген тұстарын заңнамалық тұрғыдан реттеу туралы ойларын айтады.

Соның ішінде, әншінің шынайылығы, табиғилығы, оның өнерін тыңдауға келген адамдарға өзінің дауысымен ән орындауы өзекті мәселе болып тұр.

Фонограмманың жаппай және жаппылама қолданылуына халық наразы. Фонограмманы қолдану көрерменнің тұтынушы ретіндегі құқығына нұсқан келтіреді. Ән өнеріне оның ақысын төлеп келген әрбір адам әншінің жанды дауыстағы сапалы қызметін алғысы келеді. Бұл әділ және заңды талап. Ақылы қызмет сапасы тұрғысынан құнына лайықты болуы тиіс. Мұнымен қоса, фонограмманы жаппай қолдану техника мүмкіндігін пайдалану арқылы өнерден алыс кей адамдардың сахна төріне шығуына жағдай туғызады. Бұл осы уақыттың ақиқаты, көпшіліктің ойында ғана емес, аузында жүрген әншіміз. Ел ішімен бірге, сырт

жететін әндер құлаққа түрпеді тисе де, жастардың арасында кенінен таралуда.

Сырлы саз бен әсем әуенге негізделген әнге сусындамаған жастар болашақта қандай құндылықтарға ден қояды? Адам өмірінде тәрбиенің білімнен де жоғары екені ерден белгілі. Тәрбие қоғам үшін де маңызды фактор.

Үстіміздегі жылы «Қазақстан» Ұлттық арнада кейбір әндерде қоғамға жат. Осыған байланысты әннің мәнінің сапасына талдау жасайтын кәсіби алқалы мекеме жұмысын ұйымдастыру уақыты келген сияқты. Бізбен көршілес кейбір елдерде осындай тәжірибе бар.



Серсенбай ЕНСЕГЕНОВ, сенатор (депутаттық сауалынан)

Өрлеу

КӘСІПОДАҚ МЕКТЕБІ

Кеше Астанада Кәсіподақ көшбасшылығы мектебі ашылды. Ашылу салтанатына Қазақстан Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Бақытжан Әбдірайым мен «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Алик Айдарбаев қатысты.

Кәсіподақ қызметкерлерінің жана сипатын қалыптастыру мақсатында Қазақстанда алғаш рет қолға алынған кешенді білім беру жобасының мақсаты — еңбек ұжымдарындағы оңтайлы қарым-қатынастың қазіргі заманғы тәсілдеріне үйрету. Жобаны Қазақстан Кәсіподақтар федерациясы мен «Самұрық-Қазына» қоры Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникация орталығы бірлесіп қолға алды. Оны жүзеге асыру барысында кәсіподақтық менеджмент, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу, коммуникация, қаржы және заң сауаттылығы, қызметкерлерді басқару, дау-дамайларды шешу саласындағы өзекті мәселелер талданады.

«Кәсіподақ көшбасшылығы мектебінің білім беру курсы кәсіподақ басшыларына жан-жақты кәсіби дағдылар мен қазіргі заманғы жұмыстың озық технологияларын оқытады. Әлеуметтік серіктестікті жоғары дәрежеде ұстап тұру үшін, ең бірінші кезекте, сауатты мамандардың керектігін айтқым келеді. Қарапайым еңбек адамдарының құқығын қорғауды жақсартуға ерекше назар аударамыз. Осы орайда «Самұрық-Қазына» қоры басшылығына аталған мәселенің маңыздылығын түсініп, Қор компаниялары тобында әлеуметтік серіктестік пен кәсіподақ қозғалысын дамытуға қолдау танытқанына алғысымды білдіремін», — делі Қазақстан Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Бақытжан Әбдірайым.

Сөйтіп Маңғыстау облысындағы Жаңаөзен қаласы мен Павлодар

облысының Павлодар, Екібастұз қалаларынан жиналған 30 кәсіподақ ұйымының басшысының қатысуымен алғашқы оқу сабағы басталды. 28 мамыр күні Маңғыстау облысында пилоттық топ жұмысы табысты өткізілген еді. Жыл аяғына дейін мұндай оқуға еліміздің барлық өңірінен кәсіподақ көшбасшылары қатысатын болады.

«Біз өз тарапымыздан бұл қаламның маңызды әрі пайдалы екенін айтқымыз келеді. Өзгерістер сәт сайын орын алып жатқан бүгінгі кезде біліктілік пен дағдыны үнемі жетілдіріп отыру қажет. Осы орайда жақында ғана «Самұрық-Қазына» қорының жана Даму стратегиясы қабылданғанын, онда қарамағымыздағы компаниялардың қызмет тиімділігін көтеру көзделгенін жеткізім келеді. Елбасы алға қойған міндеттерді орындауда кәсіпорындар табысты жұмыс істеп, отандастарымыз ертеңгі күнге сеніммен қарауы тиіс. Бұл бағытта әлеуметтік серіктестіктен тыс, өндірістің өрлеуі де нақты ұжымдардағы кәсіподақ көшбасшыларының біліктілігіне байланысты деп санаймыз. Кәсіподақ



басшылары адамдарға биік мүдде төңірегінде топтасып, жана заманға бейімделуге көмектескені абзал», — делі «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Алик Айдарбаев.

Кәсіподақ көшбасшылығы мектебі алты оқу модулінен тұрады: «Кәсіподақ көшбасшылығы», «Қаржы менеджменті», «Құқықтық сауаттылық және жауапкершілік», «Медиация мен кикілжіңдерді басқару», «Персоналды басқару», «Тіімді коммуникация». Сабак қорытындысында қатысушылар арнайы сынақ тапсырып, оларға сертификаттар беріледі.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Апат

ТАСҚЫННЫҢ ЗАРДАБЫ



Елімізде соңғы екі жылда, көктемдегі қар мен тасқыннан 3 мыңға жуық үйді су басқан. Бұл туралы ішкі істер министрі Қасымов мәлімдеді.

Халық алдында есеп берген министр ел экономикасына жыл сайын көктемгі тасқын судың әкелетін шығынның көп екенін айтты. Соңғы 2 жылда еліміздің 9 өңірі су астында қалған. 174 елді мекенде 3 мыңға жуық тұрғын үйді қызыл су алып, 14 500 мың адам құтқарылған. 240 тасқын тасқын шайып кетіпті. Министр тасқыннан сақтандық жана бағдарламасы жасалып жатқанын жеткізді.

Пара

ҚЫЛМЫСЫ ӘШКЕРЕ БОЛДЫ

Параның жүрмейтін жері жоқ. Сыртқы істер министрлігінің бұрынғы жауапты хатшысы Анарбек Қарашевті тінту кезінде қап-қап ақша табылған.



А.Қарашевті тінту кезінде түсірілген бейне жазба, тіпті әлеуметтік желіде тарап үлгерген. Онда жемқорлықпен күрес ұлттық бюросының қызметкерлері қапқа салынған мол ақшаны шақтан шығарады. Бума-бума ақшаның еуро мен теңге екенін байқауға болады. Тінту кезінде табылған ақшаның көлемі 10 миллион теңгеге жуық. Анарбек Қарашев әртүрлі құқықбузушылықты жабу үшін аса ірі көлемде пара алған көрінеді.

Баспана

«7-20-25» — ШІЛДЕДЕ!

Жастар мен мемлекеттік қызметкерлердің баспана түйкілін шешуге мұрындық болатын 7-20-25 бағдарламасы шілде айынан бастап іске қосылуы әбден ықтимал. Бұл туралы кеше Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышев Парламент Сенатында хабарлады.



Аталған бағдарламаның мән-маңызы зор екеніне тоқталған Д.Ақышев «2018 жылдың екінші жартысында бағдарламаны бастап кету үшін біз мамыр айында

қажетті құжаттардың бәрін қабылдауға дайын екенімізді айтқанбыз» — делі.

Ұлттық банк төрағасының пікірінше, бағдарламаны тиімді түрде іске асыру үшін валютаны реттеу туралы заң жобасында айтылған толықтырулар қажет.

Ол бұл құжаттың Сенат депутаттарының қарауында жатқанын айтты. Белгілі болғандай, осы толықтыруларсыз «7-20-25»

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Диалог алаңы

(Басы 1-бетте)

Оның себебі ретінде урбандалудың артуы мен туу денгейінің өсуі, сондай-ақ мектептерді қарап-тексерудің тұрақты түрде жүргізілуі көрсетілген. Бұл бюджеттік жоспарлау процесінің сапасыздығын білдіреді. Өйткені бірқатар өңірлерде қолданыстағы мектептер оқушыға түгел толмағанына қарамастан, жана мектептердің негізсіз құрылысы орын алууда.

Атап өтетін тағы бір жайт. Біз жақында ғана ауылдық мектептерді мультимедиалық жабдыкпен жаратқандыру мақсатында Халықаралық қайта құру және Даму банкінен 67 млн доллар сомасында қарыз алу туралы келісімді ратификациялады.

Осындай мақсаттарға қаражатты ішкі резервтерден табуға болмай ма? Үнемделген қыруар қаражатты есептемегеннің өзінде, қаншама тиімсіз жұмсалып жатқан қаражатымыз бар. Неліктен сырттан қарыз аламыз?

Жалпы алғанда, мемлекеттік мекемелер стратегиялық және бюджеттік жоспарлауға немісқарайды қарайтыны айдан анық.

процестің тәсілдерін түбегейлі түрде өзгерту қажеттігін бірнеше жылдан бері айтып келеді.

Ол үшін қажетті заңнамалық база



жеткілікті. Бұдан басқа, Парламент заңнаманы жетілдіру мәселесі бойынша үкіметпен бірігіп жұмыс істеуге әрқашан дайын.

Есеп комитетінің ақпаратына сәйкес, 2017 жылы анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы 1 трлн теңгені құрады. Соның ішінде қаржылық бұзушылықтар сомасы – 320,4 млрд теңге.

ШЕШІМІН КҮТКЕН ТҮЙІН

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

– Негізі, біздің мәселелердің барлығы тек қана құрылыста. 275 млрд теңге 2018 жылға қабылдаған болсақ, қалған міндеттеміз – 178 млрд теңге. Яғни алда әлі 100 млрд теңгеге міндеттемелер қабылдау керек. Оның ішіндегісі 5 айдың ішінде 42 млрд теңгенің ғана жұмысын атқарғанбыз. Ал уақыт өтіп бара жатыр. Қазан айынан бастап күн суытып, жол салу мәселесі, басқа да құрылыстар мәселесінің бәрінде өте ауыр жағдай қалыптасады. Сонда қалай мұны игереміз? Егер де шын мәнінде қаржы игерілмесе, алты айдың қорытындысымен ақшаның бәрін кері қайтару керек. Бостан-бос ұстап отырғаннан гөрі, басқа министрліктердің тапсырмасы бойынша түсіп жатыр. Өзінің жолымен шығып, ақшаны уақытында тиімді игеру қажет. Жолдарға үлкен тапсырмалар болды. Қауіп бар. Мәдениет және спорт министрлігі визит-орталықтарын саламын дегенше туристік маусым өтіп кетеді. Әлі конкурс өтпеген. ЖСҚ-сы жоқ. Онда ақшаны неге сұрады? Ауыл шаруашылығы, қаржы министрлігі де... Қосымша міне, қаржы сұрап отырсыздар. 42 млрд деген дайын тұр. Алу керек те – басқа салаға салу керек. Бәрібір одан пайда жоқ. Елбасының тапсырмасы бойынша үкімет қаржыны бөлді. Парламент қолдады. Бюджет қабылданды. Бірақ қаржы игерілмейді. Қашанғы күтіп отырамыз? Не экономикада өсім жоқ, не халықтың алдында айтатын сөз жоқ. Есеп берілген кезде бәрін де қатырып жатырмыз деп айтамыз. Одан кейін бәрі ұмыт қалады. Айтпады деменіздер, құрметті әріптестер! Соңғы сөз – жарты жылдың қорытындысынан кейін бөлінген, алайда игерілмеген қаржы басқа салаға жұмсалатын болады.

Бақытжан САҒЫНТАЕВ,
Премьер-Министр

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бойынша мемлекеттік мекемелердің стратегиялық мақсаттарға қалай қол жеткізетіні туралы мысал ретінде бір жайтты атап өткім келеді.

Есеп деректеріне сәйкес, Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасында жоспарланған барлық төрт индикатор орындалған.

Мысалы, «Жұмыссыздық деңгейі» 4,9%-ды құраған.

Алайда, аталған көрсеткіш «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңға енгізілген өзгерістерді ескере отырып, саналған. Сол өзгерістерге сәйкес жұмыссыздар тізбесінен «Стратегия – 2020-ның» шеңберінде «жұмыссыздар» ұғымына кіретін адамдар санаттары алынып тасталған.

Тиісінше, егер «Стратегия – 2020-ның» шеңберінде 2017 жылы жұмыссыздық көрсеткіші 4,9%-ды құрауы тиіс болса, бұрын қолданылған «Жұмыспен қамту 2020 жол картасының» шеңберінде көрсетілген 4,9%-дық көрсеткіш 2016 жылғы заңнамалық өзгерістермен байланысты. Ал шын мәнінде жұмыссыздар санатына кіретін адамдардың саны алынып тасталғанына қарамастан, көрсеткіш өзгеріссіз қалып отыр.

Жылма-жыл бюджетті жоспарлауда, нәтиже көрсеткіштерінің сапасыз жоспарлануы және бөлінетін қаржыландырумен өзара байланысының болмауы орын алады. Бұл өз кезегінде бюджет қаражатын тиімсіз пайдалануға әкеп соғады.

Өкінішке қарай, есептерде көрсетілгендей, қаражатты толық игеру дегеніміз, негізгі мақсаттарға қол

Қаржылық бұзушылықтардың негізгі үлесі (бұл 82,5%) бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын сақтамаумен байланысты. Сондықтан елімізде бухгалтерлерді даярлау деңгейі өте нашар деген сөз. Сонымен қатар мемлекеттік қаражат есебінен жүргізілетін қызметкерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру курстары формальды түрде орындалып, іс жүзінде күтілетін нәтижені бермей отыр.

Есепте аталып өткен келесі маңызды мәселелердің бірі – бұл мемлекеттік сатып алу. Барлық бағдарламалар бойынша егер заңбұзушылықтар болса, олар міндетті түрде мемлекеттік сатып алуға қатысты болады.

Мемлекеттік сатып алу жүйесінің автоматтандырылуына қарамастан, бұл салада әлі де шешімін таппаған, проблемалық мәселе аз емес.

Осылайша, мемлекеттік сатып алу жүйесінің негізгі мәселесінің бірі – бағалар демпингі. Бағаларды қолдан төмендету салдарынан кейде адал кәсіпорындар, тіпті олардың тәжірибесі мен қызметтері бәсекелестерінен асып түссе де, құралмақ қалып жатады.

Оңсыз да белгілі проблемаға терең тоқталмай-ақ, бюджеттік процесті жетілдіру мәселесі міндетті түрде мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру мәселесімен бірге қаралуы тиіс деп есептеймін.

Келесі, мемлекет басшысының әрдайым сынына түсіп жүрген – мемлекеттік-жекешелік серіктестік мәселесі.

Есепте жекелеген министрліктерде, әсіресе әлеуметтік салада мемлекеттік-жекешелік серіктестік жобалары бойынша индикаторлардың орындалмауы туралы айтылады.

Өкінішке қарай, біздің елімізде Мемлекеттік-жекешелік серіктестік институты енгізу деңгейінде қалып отыр.

Біз бұл институттың әлеуетін толыққанды пайдаланып отырған жоқпыз. Бірақ мемлекеттік-жекешелік серіктестікті жемісті пайдаланып отырған облыстар бар.

Сырттан қарыз алу мәселесі.

Есеп комитетінің ақпаратында көрсетілгендей, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыштың көлемі жылдан жылға өсіп барады. Қарыздарды тарту мәселесіне аса жауаптылықпен, елдің экономикалық қауіпсіздігі тәуекелін бағалай отырып, қараған жөн деп есептеймін.

Нариман ТӨРЕҒАЛИЕВ,
Сенат депутаты

QOQAM



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Дау-дамай

Тараздың төбелестен аты озып тұр. Бұл жолы екі дөкей бірін-бірі сабап, жұрт алдында «өнер»

көрсетті. Жуан жұдырықты «батырлар» – Тараздағы теміржол вокзалының қос бірдей басшысы. Жекпе-жек офистегі бейнекамераға түсіп қалыпты. Кеңседен шыққан арықтау жігітті артынан шомбал денелі адам қуады. Артынша екеуі дөлізде аюдай арпалыса кетеді. Көрші кеңселерден қызметшілер шығып, әлгі екі адамды ажыратып өлек. Ал шомбал денелі кісі ашуын баса алмай, өршеленіп тұр.

Оқиға осыдан бір ай бұрын болған көрінеді. Төбелес әлеуметтік желіге тарап кеткен соң, құзырлы мекемелер комиссия құрып, іске араласа бастайды. Шомбал кісі теміржол вокзалының басшысы Талғат Төлебеков болып шығады. Ал екіншісі оның орынбасары Мақсат Салығұлов екен. Жұмыс орнында төбелес шығарып, қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін Т.Төлебековке 24 мың теңге айыппұл салып, комиссия мүшелері оны жұмысынан босатқан. Алайда теміржол вокзалының бұрынғы басшысы мұны аяқсыз қалдырмайтынын, видеоны ғаламторға жүктегендерді сотқа беретінін айтқан.

Дәл осындай оқиға осыдан бір жыл бұрын Таразда болған еді. Бір топ полицей көшенің қақ ортасында жаға жыртғысып,

ТАРАЗДАҒЫ ТӨБЕЛЕС



бірін-бірі пышақтап тастаған-ды. Олар көше кезген бұзақылар емес, Жамбыл облыстық ішкі істер департаментінің билдей басшылары. Экстремизмге қарсы күрес басқармасының бастығы Мұрат Үмбетәлиев Байзақ аудандық халыққа қызмет көрсету орталығының директоры Марсел Жетпісбаевтың кеуде тұсына пышақ тыққаны көшедегі бейнекамераға түсіп қалды. Одан кейін қызынып алған М.Үмбетәлиев криминалдық полицияның басшысы Ерлан Бектурғановты да жаракаттайды. Ертісі әлгі «Бамбук» атымен әйгілі басбұзар басшы бой тасалап кетіп, ал жаракат алған екі лауазымды тұлға бірден қызметтерінен босатылған-ды. Бірақ бұл істің соңғы нүктесі қойылып, кінәлілер өз жазасын алды.

Жарас ШӨКЕ

Құрық

Жамбыл облысында түрме бастығының орынбасары сотталушының жағдайын жасап бергені үшін 2 миллион теңге алған.

ТҮРМЕДЕ ПАРА АЛДЫ



Астанада өткен баспасөз мәслихатында мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің ресми өкілі Нұрлан Жахиннің айтуынша, 12 маусымда Жамбыл облысы бойынша Қылмыстық атқару департаментінің ЖД 158/5 мекеме бастығының жедел жұмыс жөніндегі орынбасары Диханбаев парамен ұсталды. Ол сотталушыдан 2 миллион

теңге алған. Күдікті өз кінәсін мойындаған. Сол себепті қамауға алынбапты.

Ауға кетейік, бүгін агенттік өкілдері парамен ұсталған бірнеше шенеуніктің видеосын жариялады. Олардың ішінде сыртқы істер министрлігінің бұрынғы жауапты хатшысы, сондай-ақ «Кедентранссервис» АҚ вице-президенті бар.

Қызықтан қызықтары

Шенділер де қулыққа көшті. Параны енді ақшамен емес, алтынмен алуды жөн көреді. Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аумақтық бөлімінің басшысы параны алтын бұйымдармен алып келген.

АҚШАМЕН ЕМЕС, АЛТЫНМЕН

Алайда ақша берсеніз де бас тартпайтын көрінеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы Қарағанды облыстық департаменті басшысының орынбасары Ерік Есеновтің айтуынша, жұмысқа орналасамын деп ниет білдірген ақ халаттылар бас дәрігерге зергерлік бұйым беріп отырған. «Қамқорлық» көрсеткені үшін. Жезқазған мен Сәтбаев қалаларының медициналық мекеме басшыларынан да бірнеше рет қымбат сәуле алыпты. Енді ол сот өкіміне сәйкес, алтын алғаны үшін 1 млн 750 мың теңге көлемінде айыппұл төлеуі тиіс.



Жақсылық ОМАР,
Алматы облысы әкімінің орынбасары:

Елжан БИРТАНОВ,
денсаулық сақтау министрі:



АНТИ ЕЗ

«Қаскелеңдегі қалалық инфекциялық ауруханасында тәжірибесі мол, жоғары білікті медицина мамандары жұмыс істейді. Аурухана жабылған жағдайда кадрларды жоғалтып аламыз. Сонымен қатар аудан аумағында көптеген базар бар. Онда облыстың әр түкпірінен, көрші мемлекеттерден келген инфекциялық аурумен ауру қауіпі жоғары бірнеше жүздеген мың адам жұмыс істейді. Осындай бірқатар объективті себептерге байланысты, Қаскелең қалалық инфекциялық ауруханасын жауып, оның ауыр инфекциялық ауруларды емдеу функциясын Қарасай аудандық орталық ауруханасына беру мүмкін емес»

«Қаскелең қаласындағы инфекциялық ауруханаға Алматы облысындағы бірнеше ауданның науқастары жатады. Бірақ аурухананың жағдайы өте нашар. Сондықтан 2017 жылдың қазанында қоғамдық денсаулық сақтау комитеті аталған мекемені арнайы тексеріп, әкімдікке ауруханадағы кемшіліктерді жою қажеттігін ескерткен. Әкімдік «шілденің аяғына дейін бәрін жөндеп бітіреміз» деп өзінің кепілдігін берген. Егер олар аурухананы жөндесе, мекеме өз жұмысын атқара береді. Егер талап орындалмаса, біз сот арқылы аурухананы жапқызамыз»

Ықпалдастық

Елбасының Қытайға жасаған мемлекеттік сапары екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастықты дамытуға тың серпін берді. Сондай-ақ Еуразияда ықпалы мен беделі барған сайын артып келе жатқан Шанхай ынтымақтастық ұйымының әлеуеті күшейе түскенін көрсетті. Қазақстан осы ұйым шеңберінде интеграциялық үрдістерді тереңдету, өзара тиімді инвестициялық жобаларды іске асыруға айрықша мән береді, Президент Нұрсұлтан Назарбаев Бейжіңде ҚХР төрағасы Си Циңпинмен, сондай-ақ іскер топтардың өкілдерімен кездесті.

Елбасы Қытай басшысымен жүздесуде: «Осы уақыт ішінде біз жалпы сомасы 67 миллиард доллар көлеміндегі екі жақты 127 құжатқа қол қойдық. Бізге осы диалогты жалғастыру қажет. Былтыр өзара сауда көлемі 11 миллиард долларға жуықтады. Бұл жердегі өсім 30 пайыздан астам. Екі жақты қатынастарымызды ілгерілету үшін біздің бұдан да зор әлеуетіміз бар. Сіздің Жібек жолының экономикалық белдеуін қалыптастыру жөніндегі бастаманызды іске асыру барысында біздің ынтымақтастығымыз нығая түсті», – деді.

Өз кезегінде Си Циңпин тату көршіліктің үлгісіне айналған екі жақты ықпалдастықтың жоғары қарқынмен дамып келе жатқанына тоқталып, бірлескен инфрақұрылымдық бастамаларды, соның ішінде «Бір белдеу, бір жол» бағдарламасын іске асыру ісінде өзара сенім мен ынтымақтастықтың нығайғанын атап өтті.

Өзге елге инвестиция салып, кәсібін жүргізісі келетіндер ең алдымен сол мемлекеттегі саяси ахуалға, географиялық орналасуына, көлік-логистикалық инфрақұрылымына т.б. мән беретіні белгілі. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, еліміздің артықшылығы айқын. Қазақстан Президентінің іскер топтардың өкілдерімен кездесуінде бұл жөнінде жан-жақты айтылды. Елбасы осыған орай «Қазақстан 180 млн тұрғыны бар, кедендік шекарасы жоқ Еуразия экономикалық одағының мүшесі болып табылады. Еліміз арқылы 5 теміржол, 6 халықаралық автомобиль жолдары өтеді. Осы жолдар Қытай мен Азияның өзге елдерін Ресей, Каспий және Қара теңіз, сондай-ақ Иран және Түркия арқылы Еуропаға жалғайды. Бұл Қытайдан жүкті Еуропаға Қазақстан арқылы 15 күнде жеткізуге мүмкіндік береді. Ал теңіз жолымен апарса, оған 2-3 есе көп уақыт кетер еді» деді.

Шынында да, еліміз шығыстағы көршіміз үшін инфрақұрылымдық-логистикалық хаб, ал Еуропа мен Парсы шығанағы елдеріне терезе болып табылады. Қазіргі кезде Орталық Азия өңірінде Қазақстан ғана өзінің транзиттік әлеуетімен тауар өндірушілер үшін қолайлы болып тұр. Қытай өзінің «Бір белдеу, бір жол» бастамасын ұсынғанда осы факторды ескерсе керек. Өйткені Жібек жолын жаңғыртуды көздейтін осы алып жобада Орталық Азияның сауда-логистикалық дәлізіне зор маңыз берілген. Бұл Елбасының Қытайға жасаған мемлекеттік сапары барысында талқыланған ынтымақтастықтың бір саласы болып табылады.



Қытаймен экономикалық ынтымақтастық өзара тиімділік қағидасы негізінде дамиды. Бұл арада отандық экономиканы дамытудың

технологияларды дамыту мен жасыл энергетиканың үлесін арттыруға көп көңіл бөлуде. Біздің елімізде осы екі бағытты жетекші салаларға айналдыру мақсатында ірі жобалар қолға алынды.

Нұрсұлтан Назарбаев пен Си Циңпин екі елге де тиімді экономикалық ынтымақтастықтың жаңа бағытын айқындады. Бұл ретте «Астана» халықаралық қаржы орталығына жүктелер міндет ауқымды. «Астана» қаржы орталығы – еліміздің көпвекторлы экономикалық саясатының жемісі. Мұнда әлемдік нарықтағы аса ірі инвесторлардың қаржы операцияларын шоғырландыру көзделген.



стратегиялық міндеттері мен басымдықтары есепке алынды. Оның ішінде химия өнеркәсібі, тау-металлургия кешені, машина жасау, энергетика, агроөнеркәсіп кешенінде және т.б. салаларда индустриалдық-инновациялық жобаларды жүзеге асыру бар. Бірлескен жобаларды іске асырудың нәтижесінде экспортқа бағытталған, жоғары технологиялық өнім өндіретін кәсіпорындар құрылады. Қазақстан-қытай іскерлік кенесінің отырысында екі елдің кәсіпкерлері жалпы сомасы 13 млрд доллар болатын 40 құжатқа қол қойды. Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қытаймен инвестициялық

Аспан асты елінің ақпарат құралдары хабарлағандай, Елбасы сапарының алғашқы күні Қытай мемлекеттік даму банкі «Астана» халықаралық қаржы орталығының алаңында ресми өкілдігінің ашылғанын жария етті. Осылайша Астана банктің өкілдігі жұмыс істейтін Орталық Азияда бірінші, ал әлемдегі жетінші қала болды. Осы банктің Астанада ресми түрде жұмыс істеуі ұйымдар мен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді әрі тұрақты түрде қаржылай қолдау көрсетуіне мүмкіндік береді.

Сондай-ақ сапар барысында Eurasian Nury (Bright) Investment Fund – Қазақстан-Қытай бірлескен қорын құру жөнінде келісім жасалды. Қазақстан тарапынан құжатқа «Бәйтерек» ұлттық басқарушы

жалғауға, «Солтүстік-Оңтүстік» бағытында көлік және энергетикалық дәліздерді іске қосуға мүмкіндік алады. Осы жиынға қатысқан Президент Нұрсұлтан Назарбаев көп жақты сауда-экономикалық байланысты күшейту қажеттігіне назар аударып, ұйым шеңберінде жобаларды бірлесіп қаржыландыру механизмдерінің маңызын атап өтті. «Елдеріміздің үш миллиардтық адами әлеуетінің жиынтық күшін Шанхай ынтымақтастық ұйымының экономикалық ынтымақтастығын жандандыру үшін пайдалану керек. Елдеріміз арасындағы сауда-инвестициялық жобаларды жүзеге асыруды екі жақты деңгейде көп жақты деңгейге көшіруді қамтамасыз ету маңызды болып саналады. Біз Ұйым аясында жобаларды қаржыландырудың



инновациялық жобаларға тоқталды. «Екі елдің арасында шешілмеген түйткіл жоқ, тек әрмен қарай дамудың даңғыл жолы бар» деген Елбасы ұлттық экономиканың шикізаттық емес салаларын дамыту қажеттігін атап көрсетті.

Қытай кәсіпкерлері инвестиция салатын негізгі жобалардың ішінде төртінші мұнай өңдеу зауыты бар. «Бізге төртінші мұнай өңдеу зауыты керек екенін үнемі айтамын. Қазір біз үш зауытты жаңғырттық, бірақ 3-4 жылдан соң жанар-жағармай тапшылығына тағы ұрынамыз. Сондықтан бізге төртінші зауыт қажет. Оған жұмсалатын инвестицияның 50 пайызын қытай кәсіпкерлері өз мойнына алды. 50 пайызы өзімізден. Зауыт құрылысына 2 млрд доллар шамасында қаржы қажет» деді Елбасы.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ ЖОЛЫНДА

ынтымақтастықтың драйвері жобаларды жүзеге асыруға қатысатын іскер топтар мен шаруашылық субъектілері екенін атап көрсетті. Бұл процесте жобалық қаржыландыру тетіктері қолданылатынын айту керек. Оған сәйкес, жобаның өзі кепілдемелік болып табылады.

Қазақстан Президенті кездесуге қатысушылардың назарын инвестициялық тартымдылықты арттыру және бизнес ортасын жақсарту үшін қолданылып жатқан шараларға аударды. Атап айтқанда, кәсіпкерлік саладағы заңнама жетілдірілді. Шетелдік инвесторлар кенесі, «Қазақ Инвест» және «Қазақ Экспорт» ұлттық компаниялары құрылды. Шетелден жұмыс күшін тарту және жер қойнауын пайдалану үшін лицензия алу мен келісімдер жасау рәсімі жеңілдетілді. Оған қоса, 11 арнайы экономикалық және 24 индустриалды аймақтың жұмысына қатысушылар үшін салық жеңілдіктері мен артықшылықтар белгіленді.

Өзара инвестиция мен бірлескен индустриалдық жобаларды дамыту жайы да назардан тыс қалған жоқ. Айта кеткен жөн, шығыстағы көрші ел соңғы жылдары смарт-

холдингі» АҚ Басқарма төрағасы Айдар Әріпханов, Қытай тарапынан – CITIC Eurasian Capital Limited корпорациясының Бас директоры Сунь Ян және Қытай-Еуразия экономикалық ынтымақтастық қорының президенті Лин Ган қол қойды. Жанадан құрылған Eurasian Nury (Bright) Investment Fund қоры Қытайдағы ірі институционалдық және CITIC Group, China Eurasian Economic Cooperation Fund, Asia Investment Finance Group Limited және басқа жеке инвесторлардан Қазақстан экономикасына инвестициялар тартады.

Құрылған қордың жоспарланған мақсатты көлемі 500 млн долларға жетеді. Қордың негізгі инвестициялары инфрақұрылымды дамыту, табиғи ресурстарды өңдеу, логистика, ақпараттық технологиялар, өңдеуші өнеркәсіп және агроөнеркәсіптік кешен сияқты экономиканың өртүрлі салаларында

бірлескен тетіктерін қалыптастыруға және технологиялық ресурстарды жұмылдыруға шақырамыз», – деді Елбасы. Мұны ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің басшылары қолдады.

Айта кеткен жөн, Қытайдың бұқаралық ақпарат құралдары Президент Н. Назарбаевтың инфрақұрылымдық мегажобаларды жүзеге асыру жөніндегі ұсынысы

Сондай-ақ Батыс Қазақстандағы полиэтилен өндірісі – күн төртбінінде. Газхимиялық комбинатын тұрғызу да арзанға түспейді. Бұл мәселе жөнінде де екі жақты келісім жасалды. Қытайдың қаржысымен елімізде тағы бірнеше кәсіпорын пайда болады. Алматы облысында Сарыөзек пен Талдықорғанның ортасында Көксай мыс кен орны бар. Осы кен орнын



Қазақстан аумағында жобаларды іске асыруға бағытталды.

9-10 маусым күндері Қытайдың Циндао қаласында Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) саммиті өтті. Аталған ұйымның 2025 жылға дейінгі стратегиясында белгіленген басты міндеттер бұрынғысынша қала бермек. Атап айтқанда, сауда-экономикалық ынтымақтастық, ШЫҰ кеңістігінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, көлік-логистика саласындағы өзара іс-қимылды жалғастыру және мәдени-гуманитарлық байланысты нығайтуға басымдық беріледі. Ұйым қатарына жаңа мүшелердің – Үндістан мен Пәкістанның енуімен ШЫҰ сауда-инвестициялық диалогты дамыту мен нығайтуда жаңа мүмкіндіктерге ие болмақ. Ең әуелі ШЫҰ-ға мүше елдер үшін Оңтүстік Азия және Еуропа нарығын Еуразияның орталық бөлігі арқылы

жайында жан-жақты жазды. Бейжің – Астана – Мәскеу – Берлин бағытында Еуразия жоғары жылдамдықты теміржол магистралін салу жөніндегі ұсынысы көпшіліктен ойынан шықты. Аталған жоба ШЫҰ мен ЕАЭО арасындағы өзара ықпалдастықты күшейтуге бағытталған.

Сондай-ақ Елбасының тағы бір бастамасы ШЫҰ шеңберінде цифрландыру саласында тәжірибе алмасуға арналған алаң құрумен байланысты. IT технология мен роботтандыру саласында көш бастап тұрған Қытай және Үндістан секілді мемлекеттермен ынтымақтасу еліміз үшін экономикалық модернизация тұрғысынан алып қарағанда тиімді екені сөзсіз.

Президент Н. Назарбаев Циндаодо журналистермен кездесуінде Қытаймен арадағы ынтымақтастықтың тиімділігін айтып, бірлескен индустриалдық-

игеру нәтижесінде Алматы облысында алып тау-металлургия комбинаты салынады.

Осы сапардың тағы бір маңызды нәтижесі ретінде еліміздің ауыл шаруашылығы министрлігі пен ҚХР-дың бас кедендік басқармасы арасында инспекциялық, карантин және ветеринарлық-санитарлық талаптар жөніндегі протоколға қол қойылуын айтуға болады. Бүкіл отандық мал шаруашылығы үшін аса маңызды болып табылатын осы құжат әлемдегі ең ірі нарыққа ет сатуға жол ашады.

Отандық мал шаруашылығы өнімдерін экспорттаудың келешегі кемел. Әйтсе де, бұл бағытта бірқатар кедергілер кесе-көлденен шығатыны да жасырын емес. Ресейді былай қойғанда, соңғы жылдары отандық кәсіпкерлер қытай нарығына қол жеткізе алмай келді. Өйткені бұл елдің билігі өзінің санитарлық нормасына сәйкес емес деген сылтаумен ет импортына шектеу қойғаны мәлім. Енді жоғарыда айтылған протокол отандық мал шаруашылығына қытай нарығының есігін кеңінен ашып, миллиардтаған табыс табуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ көршіміз өзге де ауыл шаруашылығы өнімдерін саатып алуға қызығушылық танытып отыр. Мәселен, өсімдік майын өндіруге қажетті шикізатты, сондай-ақ бидай қалдықтарынан мата өндіруді қолға алуды көздейді. Тілші қауыммен кездесуде мемлекет басшысы агроөнеркәсіп кешеніндегі ынтымақтастықты тереңдетуге Қытайдың мүдделі екенін атап өтті.

Қорыта айтқанда, Елбасының Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапары көпвекторлық экономикалық саясат пен интеграциялық үрдістердің тиімді екенін көрсетті. Бұл қазіргі құбылмалы жаһандық тұсында ең оңтайлы бағыт болып тұр.

Даму

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев биылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында цифрландыру мәселесін дамытуды ерекше атап өткен болатын. Осы ретте еліміздің бәсекелестік жағдайда дамуына ықпал ететін «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы жүзеге асуда. Бағдарлама аясында мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында жұмыстар атқарылуда. Мұндай бағдарламалар аймақтарда қалай жүзеге асуда? «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы шын мәнінде, халықтық жобаға айнала ма? Біз осыны саралап көрелік.

директоры Дархан Хұсыновтың айтуынша, компанияның 2011-2021 жылдарға арналған стратегиялық бағыттарын қамтамасыз ететін негізгі мақсаттарына сәйкес, қазіргі таңда жергілікті жердегі халықты 2021 жылы эфирлік цифрлық теледидармен қамту деңгейін 95 пайызға жеткізу бағытында жұмыс атқарылуда. Атырау облысы бойынша аналогтық 45 радио және телехабарлар тарату стансасы қызмет етеді. Облыс орталығындағы жоғарғы қуатты радиотеледидар тарату стансасынан 11 телеарна, 10 радио хабар таратылады. Қазіргі таңда аудан орталықтары және одан төменгі орналасқан елді мекендерде отандық «Хабар», «Қазақстан», «24kz» телеарналары, облыстық «Атырау» телеарнасы тұрақты көрсетіледі. Сонымен бірге «Қазак» және «Шалкар» радиолары үзіліссіз хабар таратуда. Аналогтық

камтылу деңгейі небары 50 пайыздан әріге аспай отыр. Аталған елді мекен тұрғындарының таңдауы негізінен шетелдік жерсеріктік теледидарға түседі. Облыс көлемінде жергілікті тұрғындардың шамамен 15-16 пайызы шетелдік жерсерікті пайдаланады. Негізінен бұл жерсеріктік теледидарлар Ресей елінің операторларының қызметі. Олардың көпшілігінің Қазақстанда бірде-бір өкілігі жоқ. Бұл еліміздің қолданыстағы нормативтік-құқықтық базасының сақталмай отырғандығын көрсетеді. Сондықтан, ақпараттық қауіпсіздікті нығайту мәселесіне көбірек назар аударғанмыз жөн. Әрі тұрғындар отандық жерсеріктік теледидардың сапалы қызмет көрсететінін білсе екен», — дейді.

«АҚЫЛДЫ ҚАЛА»

«Қазақтелеком» АҚ Атырау облыстық филиалының Атырау қаласы бойынша жергілікті желілер

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бес әлеуметтік бастаманың соңғы бөлігінде газ тарту мәселесін көтерген болатын. Бұл жай қысы ұзақ көкшетаулықтардың қолайына дөп келді.

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Жаркынбек жездемнің үйі казактың жалпақ тілімен айтқанда, ханның сарайындай, ат шаптырым. Ара-тұра табалдырығынан аттағанда «апамның үйі ақ жайлау, жездемнің үйі кен жайлау» деп құтыртып қоямын. Балдыздық құқығыма сүйеніп, сипай қамшылап мақтағанымды жездем жаздыкүні жақтырса да қысты күні кіржің ете қалады. Кіржіетін жөні бар. Бір жеріне қарамай, екі қабат үй салып несі бар еді десеңізші. Осы үйдің қабырғасын көтеріп жатқанда барша ағайын болып ақылымызды айтқанбыз. Бірақ Жаркынбек жездем көдедей көп ақылдың ешқайсысын құлағына қыстырған жоқ. Қазір өзі де өкініп жүр. Ойлап қараныз, бір қысқа 20 тонна көмір жағады. Өткен қыста көмір бар болғыр да Жаркынбек жездеме ерегіскендей қымбаттап кетті ғой. Тоннасы 15 000 теңгенен сатылды. Әлгі мақтаулы шұбаркөл көмірі. Жаманын алсан, жанбайды. Жанатыны қымбат.

жобасын жүзеге асыруымыз керек. Оған тиісінше қаражат тарту қажет болады, соның ішінде халықаралық қаржы институттарынан да» деп атап көрсетілген-ді.

Облыстық ішкі саясат басқармасының мәліметтеріне сүйенсек, жоспар бойынша бірінші кезекте «Аршалы» АГТС және АГТС-1 стансаларынан бастап «Қызылорда-Қарағанды-Астана» магистралды газ құбырының құрылысын жүргізу көзделген. Осылайша 2019 жылы «Астана» АГТС-2 арқылы Аршалы және Целиноград аудандарына газ тартуды бастауға болады. «Сарыарқа» магистралды газ құбырына дейін газ тарту желісінің құрылысын жүргізу үшін өңірде Жол картасы әзірленді. Мамыр айында Ақмола облысының бюджетінен 100 миллион теңге қаржы бөлініп, газ тарту желісінің жоспары жасалды және «Қызылорда-Қарағанды-Астана» магистралды газ құбырына жақын елді мекендерде газ құбырының жоба-металдық құжаттары дайындалды. Аршалы ауданындағы Анар, Донецкий, Түрген, Бірсуат, Байдала, Аршалы, Ақбұлақ, Ақтасты, Ижевский, Шөптікөл, Бабатай, Арнасай, Волгодоновка, 42 разьезд, Қойгелді, Жалтыркөл, Жібек жолы сияқты 17 ауылға газ тарту үшін 56,1 миллион теңге қаржы бөлінсе, Целиноград ауданындағы Талапкер,

ЦИФРЛЫҚ ҚАЛАНЫҢ БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ



техникалық торабының директоры Нұрлан Мақұлов «Цифрлық Қазақстан» жобасы аясында Атырауда тағы бір-екі тың жобаның жүзеге асып жатқанын айтты. «Қазақтелеком» компаниясының Атырау облысы бойынша дирекциясы биыл «Бұлтты бейнебақылау» жобасын іске қосыпты. Жобаға 185 үй қосылады. «Бұл жоба «Қауіпсіз қаланы» құру үшін керек. Аталмыш жоба абоненттерге ұялы

ЭФИРЛІК СИГНАЛ – 95 ПАЙЫЗ

Ақпараттық қауіпсіздік дегеннен шығады, «Қазтелерадио» акционерлік қоғамы – эфирлік және жерсеріктік желілерде телевизия, радио бағдарламаларын қабылдауды қамтамасыз ететін еліміздегі телерадио хабарларын тарату саласындағы ұлттық оператор болып табылады. Қазіргі таңда «Қазтелерадио» компаниясы эфирлік цифрлық телевизия және радиохабар тарату желісін, ұлттық жерсеріктік теледидар және радиохабар тарату жүйесін дамыту, еліміз бойынша жоғары техникалық сапалы телевизиялық, радио сигналдарды үзіліссіз қабылдау мүмкіндігімен қамтамасыз ету, телебайланыс, бейнетасымалдауды өткізу бойынша қызмет ұсыну сынды бірнеше стратегиялық бағытта жұмыс атқаруда. «Қазтелерадио» АҚ Атырау облыстық телерадиохабарларды тарату дирекциясының

эфирлік желіде отандық телеарналар желісімен аймақтағы елді мекендердің 95 пайызы, облыстық «Атырау» телеарнасымен 77 пайызы қамтылып отыр.

Ал негізгі тақырыпқа келсек, Атырау облысы бойынша ұлттық цифрлық теледидардың қосылым деңгейі – 61 пайыз. Бір қызығы, цифрлық қосылым Махамбет және Жылыой аудандарында жоғары деңгейде болса, ең төменгі 50 пайыздық көрсеткіш Атырау қаласы мен Индер ауданына тән. Оның себебін Дархан Хұсынов ақпараттық қауіпсіздік мәселесімен түсіндіріп отыр. Ол «Жоба бойынша, облыс көлемінде жоспарланған цифрлық эфирлік

телефон немесе дербес компьютер көмегімен нақты уақыт режимінде өз үйлерінің кіреберісінде болып жатқан оқиғаларды қадағалауға, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Оның айтуынша, жобаны жүзеге асыру аясында кезең-кезеңмен бейнебақылау камералары қойылады. Ол «Мәселен, 1-кезеңде 10 кіреберісте 20 камера, 2-кезеңде 649 кіреберісте 1314 бейнебақылау камерасымен қамтылатын болады. Ал 3-кезеңде 330 подъезде 660 камера қойылады» делді.

Кіреберісте бірыңғай бейнебақылау желісіне қосылған екі-екіден бейнекамера қойылады. Олар кіреберістерді және



ҚАЗІРГІ УАҚИТТА АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БАРЛЫҚ 163 АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНІНДЕ ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІНЕ ҚОСЫЛУ МҮМКІНДІГІ БАР. ОНЫҢ 101 АУЫЛЫ 4 МБИТ/С ЖӘНЕ ОДАН ДА АРТЫҚ ЖЫЛДАМДЫҚТА ИНТЕРНЕТКЕ ҚОСЫЛА АЛАДЫ. АЛ 62 АУЫЛ ТҮРҒЫНЫ ИНТЕРНЕТТІ 256 КБ/С – 4 МБИТ/С ЖЫЛДАМДЫҚТЫ ПАЙДАЛАНАДЫ. МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕ СЕРІКТЕСТІК ЖОБА АЯСЫНДА 2018-2020 ЖЫЛДАРЫ АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ 16 АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНІНДЕ 338 ШАҚЫРЫМ ҚАШЫҚТЫҚТА ТАЛШЫҚТЫ-ОПТИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫС ЖЕЛІЖОЛЫН САЛУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР. 2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ҚАЛҒАН 8 АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕ ТАЛШЫҚТЫ-ОПТИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫС ЖЕЛІЖОЛЫН САЛУ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛУІ ТИІС. ОСЫЛАЙША, ЖУЫҚ АРАДА ҰСЫНЫЛАТЫН БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТТЕРІ СЕРВИСІ МЕН ТІЗБЕСІ ДЕНГЕЙІН ҚАЛАМЕН ТЕҢЕСТІРЕТІН МҮМКІНДІК ТУАДЫ.

теледидары сигналымен қамту деңгейі 90-95 пайыз болуы қажет екен. Цифрлық эфирлік теледидар сигналымен қамтылмай отырған Жылыой ауданының Майкөмген ауылының тұрғындары, Қызылқоға ауданының Тайсойған ауылының тұрғындары, Құрманғазы ауданының Үштаған ауылы тұрғындары жерсеріктік ОТАУ ТВ теледидарымен бүгінде 95 пайызға дейін қамтылып отыр. Бұл әжептәуір көрсеткіш. Бірақ Ресей елінің шекарасына таяу орналасқан Құрманғазы ауданына қарасты Қиғаш ауылының тұрғындары цифрлық эфирлік теледидармен қамтылмай келеді. Отандық жерсеріктік ОТАУ ТВ теледидарымен

олардың алдындағы алаңдарды түсіреді. Жеті күндік бейнеархив пен подъезде қойылған екі бейнекамераға айына 300 теңге төленеді. Тағы бір инновациялық бастама Smart City жобасы аясында жүзеге асады. Биыл басталатын пилоттық жобаға Атырау қаласынан 180 пәтер қатысады. Н.Мақұлов «Ақылды үй» жобасы аясында пәтерлерге бейнекамера, көрсеткіш беру қозғалысы, электр есептегіштердің дерегін есептеу жүйелері, сумен жабдықтау жүйесі қойылады» делді. Осылайша, Атырауда байланыс, интернет және қызмет көрсетуді қала мен ауыл тұрғындарына қолжетімді ету үшін нақты қаламдар жасалып жатыр.

Баян ЖАНУЗАҚОВА,
Атырау облысы

КӨКШЕ «КӨГІЛДІР ОТЫНҒА» КЕНЕЛЕДІ



Сөйтіп алпысты алқымдап қалған жездем жиырма тонна көмірді машинаға тиіп әкелген соң есігінің алдына төгіп, сонан соң екі шелекпен отын қораға тасиды. Кейін пешіне жағу үшін әлгі жиырма тоннаны үйдің ішіндегі қазандыққа тасиды. Жиырма тонна көмірден кем дегенде он тонна күл шығады. Оны тасып тасиды. Қаншама бейнет. Бір тасығанында үстінен түсіп, есептеп көргенмін. Бір шелекке сегіз келіден сыйғанда 20 тонна көмірді отын қораға жеткізу үшін неше рет қатынау керектігін дәл тауып едім. Сол жолы ғой әншейінде қалжыңға көңтерілі жездемнің қан қысымы көтеріліп, өліп қала жаздағаны. Сосын ойнауды қойғанмын. Түнекүні барсам, тойған қозыдай тыпын-тыпын етеді. Мән-жайды сұрасам, көгілдір отын жайын естіген екен.

Коянды және Шұбар ауылдары үшін бөлінген 43,9 миллион теңге қаржы игерілуі тиіс.

Оған қоса, Целиноград және Аршалы аудандарындағы барлығы 151 мың халқы бар 44 елді мекенге газ жеткізу жоспарланған. Газ тарту бойынша құрылыс жұмыстарының екінші кезеңі 2022 жылы «Астана-Көкшетау» учаскесінде жүзеге асыру қарастырылған.

Жездемнің үміттеніп отырғаны осы жоспар. Жалғыз жездемнің ғана емес, жыл сайын қымбаттап бара жатқан, оның үстіне қасқалдақтың қанындай таптырмайтын тауарға айналған көмірден қажыған барлық көкшетаулықтардың енділігі үміті осы.

Жалғыз жеке адамдар ғана емес, облыс бюджетіне де біршама жеңілдік түсер еді. Мәселен, өткен жылы маусымында «Көкшетау Жылу» кәсіпорны 1 миллиард 89 миллион теңгенің көмірін жақса, мазутқа 373,9 миллион теңге қаражат жұмсаған. Көмір мен мазутқа қарағанда әлдеқайда арзан көгілдір отынды тұтынасқ, үнемделген қаржы облыстың басқа қажетіне жарар еді. Оның үстіне экологияға тигізіп жатқан зардабы қаншама.

Елбасының бес әлеуметтік бастамасының барлығы да еліміздің үшін. Соның ішінде осы газ тарту



газ тартылған. Дегенмен орталық және солтүстік өңірлер әлі де газсыз отыр. Біз Қараөзек (Қызылорда облысы) – Жезқазған-Қарағанды-Теміртау-Астана бағытында магистралды газ құбырына салу

жобасы қытымыр қыстың көп қыспағына түсетін көкшетаулықтар үшін ең маңызды мәселе.

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы

Белес

Маңғыстау облысына жұмыс сапарымен келген Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев Жаңаөзен және Ақтау қаласындағы бірқатар өндірістік, әлеуметтік маңыздағы нысандарды аралады. Сапар барысында Елбасы Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауының, «Бес әлеуметтік бастаманың», сондай-ақ мемлекеттік және салалық бағдарламалардың орындалысымен, шағын және орта бизнестің жүзеге асу көрінісімен танысты.



танысты. Колледж директоры Т.Болатбаеваның айтуынша, мұнда еңбек нарығының сұранысына сай 13 түрлі жоғары білікті мамандар мен жұмысшы мамандар даярланады. Оқу орнында 800-ден астам студент білім алса, 62 мұғалім ұстаздық етеді. Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев монокаланы әлеуметтік-экономикалық дамытудың өзекті мәселелері бойынша қала активімен және жергілікті жұртшылықпен кездесу өткізді. Жиында қала әкімі Әділбек Дауылбаев өткен жылғы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінен хабардар етіп, жасалатын жұмыстар мен алда тұрған міндеттерді баяндады. Шаһар басшысы Әділбек Құлынтайұлы «Каланы дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған кешенді жоспары аясында межеленген 116 шараның 53-і орындалды. Белгіленген жоспарларды орындауға жұмыстанудамыз. Өткен жылдың қорытындысы бойынша өнеркәсіп өнімдерінің өндіріс көлемі 156 млрд теңгені құрады. Нақты көлем индексі – 117,4%. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 30 млрд теңге болды. Бұл көрсеткіш 2016 жылмен салыстырғанда 39,1%-ға өсті», – деді.

телімі болмағандықтан, Кендірлі демалыс аймағынан жаңа аудан ашу, орталық қалалық аурухана бас дәрігері Мұрат Сарыев «Өзенмұнайгаздың» медициналық орталығының тоқтап тұрған құрылысын аяқтау туралы ұсыныс айтса, Жаңаөзен қалалық мәслихатының хатшысы Сахи Мыңбай, кәсіпкерлер Құдайберген Жалымбетов, Ісенбай Қалдаманов өңірде бизнесті, ауыл шаруашылығын дамыту бойынша ой-пікірлерін жеткізді.



Сондай-ақ Б.Сағынтаев жұмыс сапары барысында облыс орталығындағы өндірістік нысандарға барды. Үкімет басшысы аялдаған «Шлюмберже» зауытында мұнай өндіруге қажетті құрал-жабдықтар шығарылады. Инвестор Мұхамед Разиев «Халықаралық талаптарға сай нысанды іске қосуға 5 млн доллар жұмсадық. Жылына 1 мың дана қосалқы бөлшектер дайындалатын цехта кәсіби білікті мамандар жұмыс істейді. Өзірге мамандар бір ауысыммен жасайды. Алдағы уақытта екі ауысымға көшуді жоспарлап отырмыз. Кәсіпорын Қазақстанның мұнай-газ саласында қызмет көрсету индустриясының дамуына салынатын негізгі инвестициялардың бірі болып табылады. Қазіргі таңда алға қойған жоспарларымыз бойынша жұмыстанып келеміз. Цехтың жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Тек өзімізді ғана емес, шетелдерден де тапсырыс алып жатырмыз. Каспий жағалауындағы елдермен қоса, Сауд Арабиясымен де жұмыс істеудеміз», – деді.

Келген қонақтар заманауи үлгідегі технологиялармен жабдықталған зауыттағы кабельді және автоматты түрде ұнғымдағы сорғы қондырғысы бөлшектерін жөндеу жұмыстарына куә болды.

Мұнан кейін жұмыс сапары өнеркәсіптік аймақта орналасқан Ақтау Steel ЖШС металлургиялық зауытында

баспанамен камтуда, колжетімді білім алу бойынша елімізде қолға алынған жұмыстар мен жеңілдіктер жайында айтып өтті. Облыс әкімі Ералы Тоғжанов өңірдің өткен жылғы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінен хабардар етіп, алдағы уақыттың еншісінде атқарылатын істердің арнасымен таныстырды.

– Өткен жылы өнеркәсіптік өндіріс көлемі 96,9%-дан 100,1%-ға дейін өсті. Осы жылдың 5 айында бұл көрсеткіш 100,5%-ға жетті. Осы жылы өңірде 419 млрд теңгені құрайтын 35 жаңа индустриялық жобаны жүзеге асырып, 17 жобаны бастау арқылы 5693 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланды. Оның ішінде ірілерін атап айтсақ, тоқыма жіп шығаратын зауыт, газ-бу қондырғысы, су тұщытатын зауыт, мұнай және газ дайындау кешені. Құрық теңіз порты арқылы өткен жылы 1,5 млн тонна жүк тасымалданса, биыл бұл көрсеткішті 4 млн тоннаға жеткізу жоспарланып отыр. Елбасының «Бес әлеуметтік бастамасын» жүзеге асыру барысында биыл 916 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. «7-20-25» бағдарламасы бойынша облыста бір қарыз алушыға несие 25 млн теңге көлемінде бекітілді. Осы жылы 26 мың жұмыс орнын құруды жоспарлады. Өңірдің даму әлеуетін толық пайдаланып, оны 30 мыңға жеткізуге мүмкіндігіміз бар, – деді аймақ басшысы Ералы Луқпанұлы.

Жиында өндірістегі жаңғырту және цифрландыру жұмыстары жайында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Б.Иманбаев, «Каражанбасмұнай» АҚ вице-президенті Н.Әбдірахманов, «МАЭК-Казатомөнеркәсіп» ЖШС бас директоры К.Әбдірәсілов баяндады. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы туралы түсінік берген ҚР Премьер-Министрінің орынбасары А.Жұмағалиев цифрландыру аясында барлық лицензиялар мен рұқсат

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕДЕ ТЫҢ СЕРПІН

Үкімет басшысы алдымен «Өзенмұнайгаз» АҚ қарасты мұнай өнеркәсібі құралдары және коммуникацияларды жөндеу басқармасына аялдады. 2003 жылы ашылған бұл басқармада 327 адам жұмыс жасайды. Өндіріс орны мұнай кәсіпшілігінде пайдаланылатын құрал-жабдықтар дайындаумен және жөндеу жүргізумен шұғылданады.

Мұнай өнеркәсібі құралдары және коммуникацияларды жөндеу басқармасының директоры Нұрлан Көшкімбаев «Біздің басқарма биылғы жылдың басында заманауи үлгіде салынған, озық технологиямен жабдықталған жаңа ғимаратқа көшіп келді. Жұмысшыларға барлық жағдай жасалған. Өндірістік база Болгарияда, Ресейде, Қытайда шығарылған құрал-жабдықтармен жасакталды. Жетілген технологиялар цифрлық жүйеге көшуімізге, техниканың тілін тауып жұмыс жасауымызға жол ашты. Жылына 400 мың дана сорғы-компрессор құбырын, 300 мың дана сорғы штангілерін, 10 мың дана тереңдік сорғысын шығаруға мүмкіндігіміз бар», – деді.

Премьер-Министрдің мұнайшылар қаласындағы жұмыс сапары қаладағы 200-ден аса үй мен әлеуметтік нысандарды жылумен және ыстық сумен қамтамасыз етіп отырған «Өзен Жылу» МКК-да жалғасты. Мұнда қаланы әлеуметтік-экономикалық дамытудың кешенді жоспары аясында жүзеге асқан шағын жылу-электр стансаларын кеңейту және жаңғырту жұмысының нәтижесін көрді.

Үкімет басшысы Жаңаөзендегі политехникалық колледждің жұмысымен

Жиында сөз алған ұлттық экономика вице-министрі Айбатыр Жұмағұловтың айтуынша, облыстың өнеркәсіп өндірісінің көлемі осы жылдың қаңтар-мамыр айларында – 3,5%, негізгі капиталға салынған инвестиция – 7%, құрылыс жұмыстары – 6,8%, ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі – 5,7%, бөлшек сауда айналымы – 4,2%.

– Жаңаөзен экономикасының 43%-ы мұнай мен газ өндіру саласына тиесілі. Қазіргі таңда қалада 8 мыңнан астам шағын және орта бизнес субъектісі тіркеліп, 21 мыңға жуық адам жұмыспен қамтылған. Экономикалық белсенді тұрғындар тобындағы шағын және орта бизнестің үлесі 30%-ды құрайды. Жыл басынан бері 4 424 жаңа жұмыс орны құрылды, – деді вице-министр.

Жиында еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Нұржан Әлтаев жұмыспен қамту, бизнес үдерістерді оңтайландыру, кәсіпкерліктің көкжиегін кеңейту бағытында жасалып жатқан жұмыстарды таныстырды. Білім және ғылым министрі Ерилан Сағалиев Елбасы Н.Назарбаевтың «Бес әлеуметтік бастамасындағы» жоғары білім алудың колжетімділігі мен сапасын арттыру, студент жастардың және мұғалімдердің жағдайын жақсарту бағытында атқарылып жатқан істерді баяндады.

Кездесуде қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қ.Бекмағанбетов Жаңаөзенде бос жер



жалғасты. Шетелдік инвестицияның қаржысымен жуырда жаңғыртудан өткен өндіріс орнында жылына 300 мың тонна шаршы металл мен 250 мың тонна құрылыс арматурасы дайындалады. Отандық өнімдер ішкі нарыққа және шет мемлекеттерге экспортқа жөнелтіледі.

Үкімет басшысы сапар барысында «Маңғыстау» кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының жұмысымен танысты.

Премьер-Министрдің өңірге сапары облыс әкімдігінде аймақ активімен, бизнес өкілдерімен және жергілікті жұртшылықтың қатысуымен өткен жиында түйінделді.

Жиында үкімет басшысы Бақытжан Әбдірұлы шағын және орта бизнесті дамытуда,

қағаздары электронды түрде рәсімделетінін, қағазбастылық қысқарып, ақпараттар автоматты режимге көшетінін жеткізді. «Атамекен» ҰҚП палатасы басқарма төрағасы Абылай Мырзахметов «Кәсіпкерлік туралы» заңды түсіндіріп өтті.

Жиынды қорытындылаған Б.Сағынтаев ұсыныстарға қатысты пікір білдіріп, жауапты басшыларға тапсырма жүктеп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң бағасын берді.

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ,
Маңғыстау облысы
Суреттерді түсірген Серік МАЕЙМЕРОВ

Байқау

Астанада еліміздің экологиялық білім беру бағдарламасы аясында «Ұлы дала бояулары» аты балалар мен жасөспірімдер арасында ұйымдастырылған байқаудың жеңімпаздары анықталды. Жобаны Астана қаласындағы балалар көркемсурет мектебі – ЮНЕСКО клубы және «Шеврон» компаниясы ұйымдастырды.

Оқушылар сарайында республикалық балалар және жасөспірімдер конкурсының қорытындысы бойынша жеңімпаздар салтанатты түрде марапатталып, сурет көрмесі өтті. Байқауға 300-ге жуық жас суретші қатысты. Олардың ішінде 50 бала үздік атанып, 8 бала жүлделі орынға қол жеткізді.

«Шеврон» компаниясының өкілі Лейла Айтмұханова «Біздің компаниямыз Қазақстанда 25 жыл бұрын, 1993 жылы келді және тәуелсіз жас мемлекетке бірінші болып қолдау көрсетіп, сенім білдірген батыстық ірі инвестор болды. Көп жылдан бері біздің

ірі әлеуметтік жобаларымыздың бірі жас ұрпақты экологиялық құндылықтарға өнер арқылы үйретуге бағытталып келеді. Біз бүгін тамашалап отырған суреттерде балалардың қоршаған ортаның сұлулығын, Қазақстан халқының мәдениетін бейнелеуге құштарлығын анық көріп отырмыз», – деді. Елімізде екінші рет өткізіліп отырған байқау Астананың 20 жылдығын мерекелеу, сондай-ақ «Рухани жаңғыру» ұлттық

БАЛҒЫН БАРМАҚТЫ ҚЫЛҚАЛАМ

бағдарламасын іске асыру аясында өтті. Байқаудың мақсаты – балалардың экологиялық таным-түсінігін тереңдетіп, бейнелеу өнерін насихаттау, өсіп келе жатқан ұрпақтың шығармашылық әлеуетін көтеру.

Қатысушылар бейнелеу құралдарымен туған табиғаттың сұлулығын, сүйікті қаласын,



сәулет жетістіктерін көрсетуге тырысты.

Байқауға жіберілген суреттерді Қазақстан Суретшілер одағының мүшелері, өнер қайраткерлері, елімізге еңбегі сіңген суретшілерден құралған әділқазылар алқасы бағалады.

Байқау аясында бейнелеу және декоративті-қолданбалы өнер, қыш пен мүсінге арналған шеберлік дәрістері өтті. Елорданың әсем де салтанатты орындарымен танысу, Қазақстан

Ұлттық музейі мен «Мәңгілік ел» салтанатты арқасына экскурсия ұйымдастырылып, өзге де қызықты шаралар өткізілді.

Еліміздің түкпір-түкпірінен келген жас суретшілер көрермен қауымға өздері салған суреттерін ұсынды. Оқушылар сарайында ұйымдастырылған марапаттау салтанаты мерекелік концертпен аяқталды.

Алтынай ҚУАНЫШБЕК,
Астана қаласы

Тағдыр жазуы

Кейіпкер іздеген журналистке кешеден тақырып табу, базардан тағдыр кездестіру аса қиын шаруа емес. Бүгінгі кейіпкеріміз де жолай кездескен жан. Біз оны жалдамалы жатақханадан таптық. Сексен жастан асқан қарияның хәлі қалай болушы еді? Жанарының нұры тайып, ойдан қуат кеміген. Сұңғақ бойдың сықпыты ғана қалыпты. Жүзін әжім басып, қолы тарамыстай тартылып, көгілдір тамырлары ғана тіршілік белгісін аңғартады. Екі жағы пышақ жанығандай суалып, әппақ құдай шашы сексеуілдей селдіреп кеткен. Бізді күткендей есігін жартылай ашып қойыпты. Топшасын тот басып кеткен, толық ашылмайды. Сосын әлгі темір есікті шіреніп тұрып тарттық. Топшасы шұқылдап, қиқылдап барып қанаты қайырылған құстай жайылды да қалды. Есіктің арғы жағы, яғни бөлме іші...

Сүрінсең, тағдыр сынады екен,
Кәрі жаныңды қинады ме екен?
Сана бермесе, бала да жатбауыр

Кәрі жүрегім жылайды, көкем — деп, бір сәт үнсіз қалды. Тыныштықты менің де бұзғым келмей, шалдың кимылын бағып отырмын.
— Мен де журналист болғам — деп сөзін жалғайды. — Бұрынғы Киров атындағы университеттің журналистика факультетін оқығам. Ол бір сәулелі сәттер еді, — деп тоқтады. Ауасы мен аурасы тар бөлмеде әңгімені созбақтамай, қарияны сұрақтың астына ала бастадым.

— Ата, атыңыз кім? Бала-шағаныз қайда?

Қалай мынадай жағдайға тап болып жүрсіз? — деп, үш-төрт сұрақты қатар қойдым. Шал алдында тұрған кеселегі сарғыш суды көзін жұмып сіміріп салды. Сыраға ұқсаттым. Тағы да бір-екі минут үнсіз отырып, менің көкейімдегі



жатады екен. Жазда коқыстан бірдеме тауып жеп, ағаш арасында күнелтетін көрінеді.

Кіші балам Асқар қазір Шардарда тұрады. Балалы-шағалы. Бірақ келінімнің ақыл-есі кемістеу болды да, одан туған немерелерім де дұрыс адам болмады. Мұхтар бір ай жұмыс істесе, келесі ай ішіп кетеді. Болмаса, ақшасының бәрін ойын автоматтарына салып, ұттырып тастайды.

«ЖАЛБАҢДАП ЖАН БАҚҚАНША, ҚАЙЫР СҰРАҒАНЫМ АРТЫҚ»

сауалды түсінгендей әңгімесін арыдан бастады.

— Құжат бойынша 80 жастамын, бірақ анамның айтуынша, быыл 82 жаста болуым керек. Атым — Елубай, фамилиям — Манас. Қызылорда облысының Қармақшы ауданында өмірге келдім. Көп жыл ұстаздық қызмет істедім. Мектеп директоры болдым. Ой, шіркін-ай, ол кездер қандай тамаша уақыт еді?! — деп көзін жұмып үнсіз қалды. — Мұғалім болудан бұрын, мен Алматыда журналистің оқуын бітірдім ғой. Сөйтіп Қармақшының аудандық газетіне барамын. Онда орын болмады. Газеттегі ағаларым маған мектепке мұғалім болсаңшы деп қолқа салды. Журналист боламын деп кергітін емес, ұстаз

Ал жалғыз қызым Арайлым осы Алматыда тұрады. Екі жоғары оқу орнын бітірген. Қазір бір университетте ағылшын тілінен сабақ беріп жүр. Маған да келіп, көмектесіп тұрады. Ол да балалы-шағалы. Күйсеу бала дұрыс емес. Төрт бөлмелі пәтері бар. Соның бір бөлмесіне сыятын едім ғой. Кайтемін, Құдай зейнетіме осындай бейнет жазған шығар?!

— Алматыға қашан келдіңіз? Шардарда үй-жайыңыз бар ма еді?

— Шардарда зәулім үйім болды. Еш уақытта баланың атына үйінді өткізуге болмайды екен. Содан қателестім. Үй өзінде болса, қартайғанда балаң не өзі үйден кете алмай, не сені қуып шыға алмай, бірге болады екенсің. Менің қателігім сол болды. Үйді Мұхтардың атына жазғам. Ол баспананы сатып жіберді. Бәрін былтықтырды. Ал анау кіші балам өз қатын-баласымен әуре.

Далада қалған соң, 2010 жылы Алматыдағы достарым шақырды. «Үлкен қала. Қайыр сұрасаң да өлмейсің» деп Алматыға алып келді. Қазір қарайласып тұрады.

Өз өмірімнен алынған кітап жазып жатырмын. Онда басыма қауіп төнетін ащы шындықтар бар. Жеке басымның ғана емес, қоғамның шындығын да жаздым.

— Қоғамның қандай шындығын жаздыңыз? — деп мырсе етіп күліп жібердім. Мұным шалға ұнамай қалды-ау деймін. Қабағын қыртытты.

— Ол ұзақ әңгіме, балам! Мен Қазақстанға белгілі журналист-қаламгер болдым. Бұрынғы «Қазақстан пионері», «Балдырған»



Елубай Манастың қолжазбалары



Бөлме іші базардың орнындай шашылып жатыр. Тауықтың ұясындай ғана тар күркеге ұқсайды. Есігінен төріне дейін — екі аттам. Төрі мен әжетханасы қанаттас. Босағадан атталдым да аласа орындыққа отыра кеттім. Состивіп тұруға да өте ыңғайсыз. Қария төрін бермей, маған тесіліп қарап отыр. Жоғары шығуға менің де құлқым болмады. Төр мен босағаның арасына дастархан жайып қойған. Дастарханында екі жапырақ қатқан нан, сынық кесе, майысқан ақ шәйнек тұр. Астындағы ескі матрас әрі төсеніш, әрі көрпе. Қыста киген пальтосы болу керек, аяқ жағында мыжылып жатыр. Түнде соны жамылатын көрінеді. Дастарханның бір шетінде колжазба жатыр. Кол созым жерде, орындықта шағын теледидар тұр. Пәтердің жартысын алып тұрған әжетхананың есігі жабылмайды. Иіс қолқаны қабады...

Қариямен амандастым. Құлағы шабан естиді екен. Тамағымды қарлықтырып айқайға бастым. Қолымды алып, басымнан аяғымға шейін бір қарап шықты да шал иегін қакты. «Кімсің дегені шығар» деп түсіндім. Атымды, тілші екенімді айттым. «Саған не керек?» дегендей тағы да иегін көтерді.

— Сізбен танысайын деп едім. Жападан-жалғыз жатақханада тұрасыз. Үнемі газет-журнал құшақтап жүресіз. Бір-екі жерден қайыр сұрап тұрғаныңызды да байқап қалып едім, — деп әңгімені жылы бастадым.

— Иә, қайыр сұраймын. Елдің берген садақасына күнелтіп отырған бір бейбақпын, — деп, дастарханның үстіндегі нан қоқымын шымышып, аузына салды. Содан кейін, аяқ жағында жатқан көк тысты колжазбасын алып: «Тілшімін делін бе?» деп көз қиығын маған бұрды.

— Иә, ата, тілшімін. Сіздің жүріс-тұрысыңыз, тіршілігіңіз жұрттан бөлектеу көрінген соң, танысып кетейін, мүмкін, сіз туралы бірдеме жазармын. Бір көмегі тиіп қалар деген оймен есігіңізді қағып едім.

— Е, баладан көрмеген жақсылықты бөтеннен көремін бе? Өмір аямаған бір бейбақ болдым ғой, — деп жанарына тұна қалған бір тал тамшы жазы саусағының ұшымен іліп тастады. Содан кейін қолындағы қалың-қалың екі том қолжазбаны ашты да бір шумақ өлең оқыды.

да ұлы мамандық қой деп мектепке бардым. Кейін, екінші дипломымды педагогика саласы бойынша алдым да, жолдамамен Шардара қаласына ауысып кеттім. Шардарда ұзақ жыл ұстаздық қызметте жүріп, мектеп директорына дейін көтерілдім. Жұмысқа жауапкершілігім күшті болды. Үйіме, бала-шағама қалай қарасам, мектеп жұмысына да солай қарадым. Салғырттық танытқан емеспін, — деп қария мен бірдеме айтар ма екен дегендей жалтақ-жалтақ қарайды жүзіме. Сосын сөзін жалғап: «Қазақстан» ұлттық телеарнасындағы «Қарекет» деген бағдарламаға түсірді мені. Сондағы қонақтар «Біреудің баласына тәрбие беремін деп өз баланыңды ұмыт қалдырғансыз» деп мені кінәлап жатты. Бірақ мен үш баламды да еңбектен үзген емеспін. Бұғанасы қатқан күннен бастап еңбекке араластырдым. Шөп те шаптық. Егін де салдық. Бірақ балаларым дұрыс болмады», — деп терең күрсінді.

— Жалғыз қалуыңызға балаларыңызды кінәлап отырған сияқтысыз?

— Айналайын журналист мырза, өзіңіз ойлаңызшы. Әйелім Гүлбарға Мыңжасарқызы деген Түркістанның мың жасағыр бір ақылды қызымен бас қосып, екі ұл, бір қызды тәрбиелеп өсірдім. Бірақ өмірімнің соңында мынадай қаңғыбастың күйін кешіп отырмын. Бұл кімнің кінәсі деп ойлайсыз? Қазақтың ұлы жазушыларындай болмаса да, жақсы адам болсыншы деп ырымдап бір ұлымның атын Мұхтар, екіншісін Асқар деп қойдым. Қызымның аты — Арайлым. Ешнәрседен кем қылған жоқпын. Оқыттым-тоқыттым. Үйлендірдім. Үлкен ұлым Мұхтардан бір қыз бар Ләззат деген. Ол немерем қазір Астанада министрлікте жұмыс істейді. Кейде «Ата, қалайсыз?» деп хабарласып тұрады. Бірақ ақша жағынан көмектеспейді. Балам араққа салынып кеткен соң, келінім немеремді алды да ажырасып кетті. Дұрыс істеді. Мұхтар оларды қаңғыртып жіберетін еді. Баламның қазіргі күйі менен нашар. Қыста жылу құбырларының үстінде



журналдарына үнемі әңгіме-өлең жазып тұрдым. Тіпті 1-сыныптың «Әліппесіне» «Енді кешпестің» деген балалар тақырыбына арналған шағын әңгіме басылған. Оның бәрі өткен шақ екен. Қазір ешкімге керексіз бір бейшарамын. Қызылордада жақын туыс-туандарым бар. Бірақ өке-шешенің, туған аға-бауырдың көзі кеткен соң, туысқа сыясың ба? Үш күннен артық қондырмайды. Біреуінің қабағына қар жауалы, біреуінің әйелі қыртияды. Мен туысымнан тімі мінезді жанмын. Біреудің зекінінен көтере алмаймын. Біреуге жалпайып жан баққанша, осылай қайыр сұрағамын абзал.

— Қазір қалай өмір сүріп жатырсыз? Садақадан жиған ақшаның мына пәтеріңізді жалдауға, күнделікті тамағыңызға жете ме? — дедім қуықтай бөлмені көзіммен шолып.

— Бұл жатақхана үшін айына 70 мың теңге төлеймін. Алатын зейнетақым 50 мың теңге. Оған қайыр сұрап жиған тиын-тебенімді қосамын. Сөйтіп өлместің күнін көріп жатқан жайым бар.

Елубай ата ыстық таммақты сағынғанда әлгі аядай бөлме ішінде қазан қайнатады. «Жалғыз кісіге бәрі ас екен. Қара

суға макарон қайнатып, тұз салып, ботка ішіп аламын. Аштан өлтірмейді. Бірақ көрі адамның асқазанына ауыр болады екен. Киім-кешегімді қызым келгенде, анау кір жуатын машинаға салып, тазалап беретін. Ол да соңғы күндері келмей қойды. Бәрі безінді» деп бұл жолы еңкілдеп жылады. Көкірегіне шер боп қатқан күйік шықсын деп мен де жұбатпадым.

Бір кезде қол орамалымен көзін сүртіп отырып «Адамның көз жасы сарқылмайды екен. Әйелім көз жұмып, балалардан қайыр болмағанның бері бұл жасқа тыйым болмады. Соқыр болып қалатын шығармын деп ойлаушы едім. Соқыр да болмалым» деп суалған жанарын қайта-қайта сүртіп жатыр.

— Қарттар үйіне барғыңыз келмей ме? Сізге сол жерден артық жайлы баспана бола қоймас, — деп қолжазбасын алдым. Өлеңдерінің ұйқасы шымыр, құрылымы тастай екен. «Мықты ақын екенсің ғой» дедім. Қария сөзімді естімеді-ау деймін. Әуелгі сұрағымға жауап берді.

— «Қарекеттің» журналистері 3 апта шапқылап жүріп, жүз шақты құжат жинап, «Қарттар үйіне» апарған. Бірақ маған ол жер қоныс болмады. Бұрын «Қарттар үйіндегі» шал-кемпірлерді бір тал уколмен өлтіреді екен деп естуші едім. Күдікпен бардым. Мейірібіке бір бөлмеге ертіп барды. Бірден дауысын қатайтып, зекіп сойлей бастады. «Әйелің қашан өлген? Ана құжатың қайда, мына құжатың неге былай?» деп зірк-зірк етеді. Ол аздай, былай отыр деп білегімнен алып сілкілді.



— Әй, айналайын қызым, мені жұлқылама! Алдында сексеннен асқан қария отыр. Қарттарға қарайтын мекеменің қызметкерінің көзқарасы бұлай болушы ма еді? — деп жайыммен түсіндірдім. Бірақ әлгі мейірібіке әлі де бұлқан-талқан. Содан мұнда қалмаймын деп арыз жаздым да кетіп қалдым. «Қарттар үйінің» директоры, оның орынбасары, «Қарекеттің» тілшілері — бәрі «қалыңыз» деп шыр-пыр болды. Бірақ бармай жатып көнілім қалған соң, онда қалудың қажеті қанша?..

Елубай ата бірнеше жылдан бері ел ішінде «Барахолка» аталып кеткен базарда қайыр сұрайды.

— Кенжехан базарының алдындағы жер асты өткелінде отырмын. Күніне 1000-1500 теңге табамын. Шай, тамағымға жетеді. Шүкір! Бірақ қарлы боран күндері, жауын-шашын кездері өте қиын. Оның үстіне, қартайған адамға тұмау-сырқау үйір болады екен. Көп ауырып қаламын. Ондайда төсектен тұра алмаймын. Қал-жайымды сұраған бір пенде жоқ. Осында жатып көз жұмып кетемін бе деп қатты қорқамын. Ақша да, мейір де, кісінің жылуы да жетпейді. Қартайғанда жалғыз қалу қандай қасірет! — деп Елубай ата әңгімесін аяқтады.

Мен де әлгі құжырадан ауыр ой арқалап, әрең шықтым. Көз алдыма бір кездері белгілі журналист, қаламгер, мектептің директоры болған адамның бүгінгі шынайы кейпі — қайыршы қария тұрды да қойды.



Жарас КЕМЕЛЖАН Суретті түсірген Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Ұлт саулығы

Елімізде қазір онкологиялық дертке шалдыққан бүлдіршінді аман алып қалу үшін барлық амал қарастырылуда. Жыл өткен сайын бұл ауруға да тойтарыс беріле бастады. Алматы қаласындағы Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының «Онкогематология» бөлімі ашылған уақыттан бері осы қауіпті кеселдің алдын алу, науқасты емдеумен айналысып келеді. Биыл бұл бөлімнің құрылғанына 25 жыл толып отыр.

Ғасыр індетіне айналған онкологиялық ауруды емдеп, талай бүлдіршінге қуаныш сыйлаған орталықтың бас ғылыми қызметкері, медицина ғылымының докторы, профессор Күлән Омаровамен сұхбаттастық.

Жас қазақ: Күлән Омарқызы, еліміздегі онкогематология саласындағы алғашқы маманның бірісіз. Биыл бұл салаға 25 жыл толып отыр. Әңгімеімізді онкогематология бөлімінің тарихынан бастасак.

Күлән Омарова: Онкогематология дегеніміз – қанның қатерлі ауруларын емдейтін сала. Гематология саласына түрлі қатерлі қан аурулары кіреді. Осы қан аурулары ішіндегі ең қатерлісі «лейкоз» деп аталады. Оның түрлі атауы бар. Медицинада лейкоз, қан

Жаңа бөлім ашып қана қоймай, әлгі дәрігерлер бізді өз елдеріне апарып тәжірибеден өткізді. Жаңа бастаманы әрі қарай дамыту үшін 3,5 миллионға (марк) құрал-жабдық және бір жылға жететін дәрі-дәрмек алып келді. Осылайша, біз 1993 жылдан бастап алғаш рет Германия әдісімен еліміздегі ақ қан ауруына (лейкемия) шалдыққан бүлдіршіндерді емдей бастадық. Сол елдің тәжірибесін өзімізге енгіздік. Бұл әдіс әлі күнге дейін қолданылып келеді.

Жас қазақ: Германия дәрігерлерінің емдеу бағдарламасының ерекшелігі неде?

Күлән Омарова: Бұл протокол «BFM» деп аталады, яғни Берлин, Франкфурт, Мюнстер. Осы үш қаланың ғалымдары балалардың онкологиялық ауруын емдеу мақсатында бағдарлама құрған. Алғашқы бағдарлама 1989-1993 жылға арналған болатын. Кейіннен ол бағдарлама жыл сайын өзгеріп отырды. Сол кездің өзінде әлемнің 30 елі осы әдісті қолданған. Онкологиялық дертке шалдыққан балаларға қолданылатын ем өте ұзақ мерзімді талап етеді. Кейбіріне химия терапияның ең жоғарғы дозалары қолданылады. Ал осының барлығы балаға өте ауыр тиеді. Емнің негізгі мақсаты – ағзада пайда болған рақ клеткаларын түгелімен жою.

Жас қазақ: Қазір осы онкогематология бөлімінде қанша бала емделіп жатыр? Осындағы

бағдарлама бойынша қолданылатын дәрілер өте қымбат тұрады. Көп қаржыны талап етеді. Сондықтан сол кездің өзінен бастап біз түрлі демеушілерден өзімізге көмек беруін



сұрадық. Алғашқы жылдары «Бөбек» қоры қолдау көрсетті. Үкіметке бірнеше рет хат жазып көмек сұрадық. Қандай қиын кезең болса да, біз бұл бағдарламаның емдеу курсың үзген жоқпыз. Қазір біздің орталықтағы балалар тегін емделеді. Мемлекет қажетті құрал-жабдық, дәрі-дәрмекпен толық қамтып отыр. Денсаулық сақтау министрлігі де онкологиялық ауруға шалдыққан балаларды жіті қадағалауда.

Жас қазақ: Елімізде онкологиямен ауыратын балаларды дәрі-дәрмекпен қамту жағына толығырақ тоқталсаңыз.

Күлән Омарова: 2002 жылы біздің үкімет «Лейкозбен ауырған балаларға дәрі-дәрмекті сатып алу туралы» арнайы бағдарлама құрды. Қазір экономикалық жағдай түзелді. Қандай да бір дәрі-дәрмек қажет болса, бәрі тапсырыс бойынша орындалады. Қазір денсаулық сақтау министрлігі барлығын қамтамасыз етіп отыр. Біздің бөлімшеде балалардың емі тегін. Тіпті ата-анасынан да дәріні сатып алмайтын өтінеміз.

Жас қазақ: Бұл орталықта лейкоздан бөлек, қандай қатерлі ауруларға ота жасалады?

Жас қазақ: Қазір онкологиялық ауруды емдеуде, болмаса ота жасауда қандай да бір қиындықтар бар ма? Егер қиындық болса онымен күресудің жолы қандай?

Күлән Омарова: Қазір донор табу – үлкен мәселе. Мысалы, бір отбасында 4 бала бар. Кейде төрт баланың анализі де бауырына сәйкес келмей қалады. Ал біздің жағдайда донор тек туған бауыры, болмаса ата-анасы, жақын адамы болуы керек. Кейде бір үйде екі бала болса, бір-біріне сәйкес келіп қалады, кейде сәйкес келмей қалады. Ал егер донор туған адамдарынан табылмаса, туыс емес адамдардан іздейміз. Ол үшін лейкозиямен ауыратын балаларға арнайы «донор банкі» пайдаланамыз. Халықаралық банкілер, болмаса әр мемлекеттің өзінің банкілері бар. Біздің елде осындай банк енді құрылып, жинақталуда. Орталығы – Астана қаласындағы қан орталығы. Соңғы кезде донорды іздеу Ресейдегі донор бантерімен бірлесіп жүзеге асырылуда. Осындай күрделі отанын бір түрі «гаплоидты» деп аталады. Бірге туылған балалар арасынан донор табылмаса, ата-анасын тексереміз. Ата-анасынан әрбір бала 50 пайыз хромосома қабылдайды. Қайсысы дұрыс келетінін анықтап, біреуінен сүйек кемігін аламыз. Сүйек кемігінен негізгі алатқынымыз «дін жасушасы» (стволовая клетка). Сүйек кемігін

Күлән ОМАРОВА:



ЕҢБЕКПЕН КЕЛГЕН ЖЕТІСТІК

рағы, лейкозия деп аталады. Оның барлығы қатерлі ісік қан ауруына жатады. Біздің елімізде бұрынғы кеңес үкіметі кезінде бұл ауруды емдейтін. Мұндай аурумен келген науқасты дәрігерлер «жазылмайды» деп үйіне қайтаратын. 1993 жылға дейін осы дертке шалдыққан жасөспірімдер жазылмай, қайтыс болып кетті. Мен аспирантура мен докторантураны Мәскеуде оқыдым. Гематология саласы бойынша диссертация қорғадым. Оқуымды аяқтап, осы орталыққа жұмысқа келген кезімде, институтта қан ауруын емдейтін бөлімше болмады. Пульмонология бөлімінде менгеруші болып қызмет істеп жүрген кезімде, біздің орталыққа қан ауруына шалдыққан баласы бар адамдар келіп, кеңес алатын. Сол кезде менің байқағаным, педиаторлар қан ауруын жай ғана ажыратып қоймай, дұрыс ем ұсына алмайтын. Сондықтан біз денсаулық сақтау министрлігіне «онкогематология» бөлімін ашу керек деген ұсыныс айттық. Ал 1989 жылы ең алғаш рет осы институтта 30 орынға арналған «гематология» бөлімшесі ашылды. Біз бұрынғы кеңес үкіметінің әдісімен қатерлі қан ауруларын емдей бастадық. Бірақ қанша ем қолдансақ та, тырыссақ та, лейкозбен ауырған балалар 7-11 ай ғана өмір сүрді. Сол жылдары Чернобыль апатының салдарына арналған Минскіде үлкен конференция болды. Жыын барысында лейкозды жаңа әдіспен емдеп жүрген Германия дәрігерлерімен таныстық. Біздің елге де осы емнің өте қажет екенін айтып, Германия дәрігерлерімен келісімге келдік.

Жас қазақ: Германия дәрігерлері лейкозды емдеудің қандай жаңа әдісін ұсынды? Тәжірибе алмасу қалай болды?

Күлән Омарова: Біздің ұсынысымызды қабылдаған германиялық дәрігерлер онкогематология бөлімін ашу үшін еліміздегі

науқас балалар мемлекет тарапынан тегін ем ала ма?

Күлән Омарова: Біздің орталықта қазір 92 бала емделіп жатыр. Олар алдымен интенсивті терапиядан өтеді. Бұл кемінде 6-7 ай. Ал емделіп шыққаннан кейін, 1,5 жыл амбулаторияның жіті қадағалауында болады. Ол дегеніміз – химиялық дәрілерді үй жағдайында тағы бір жарым жыл қолданады. Бұл емнің барлығы рақ түйіршіктерінің тұтастай жойылып кетуіне бағытталған. Лейкоздан толық емделіп шығу үшін 2 жылдай уақыт керек. Лейкоз ауруының

Күрделі ота жасайтын құрал-жабдықтармен қаншалықты қамтылған?

Күлән Омарова: Лейкоздың химиялық емінен бөлек тағы бір отанын түрін ерекше атар едім. Ол «Сүйек кемігін алмастыру» (трансплантация костного мозга) деп аталады. Бұрын бұл тәсіл көбінесе шет мемлекетте жасалатын. Мұндай ота кейбір балаларға аурудың бірінші кезеңінде-ақ жасалады.



Кейде толық емделіп шыққан науқаста ауру қайта қайталануы мүмкін. Осындай жағдайды алдын ала болдырмау үшін сүйек кемігін алмастырамыз. Қазір бұл бөлім 6 орынға арналған. Ота жасалғаннан кейін науқас ауасы тазартылған арнайы палатаға жатқызылады. Себебі сүйек кемігін алмастырған баланың иммундық жүйесін нөлдiк деңгейге дейін түсіріледі. Ол донордың қан жүйесін өзіне қабылдауы керек. Бұл ота медицинаның ішіндегі ең жоғарғы технология саналады. Дін жасушасын (стволовая клетка) ауыстыру өте күрделі ота саналады. 2012 жылдан бастап сүйек кемігінің ішіндегі аллотрансплантация және аутогрансплантация отасын 70-тен аса балаға жасалды.

Жас қазақ: Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған тұжырымдамасы қалай жүзеге асырылуда?

Күлән Омарова: Денсаулық саласын дамытуға ерекше назар аударылып жатқаны қуантады. Бағдарлама аясында шетелдің озық мамандарымен тәжірибе алмасу үрдісі де жылдан-жылға дамып келеді. Қазіргі таңда жол картасы бойынша да еліміздің әр аймағына барып, түрлі конференцияларда өз тәжірибеммен бөлісіп жүрмін. Онкологиялық ауруды емдеуді одан әрі үйреніп, қыр-сырын білу мақсатында ресейлік мамандармен де бірлесіп кездесулер ұйымдастырамыз. Біздің орталықта ең жоғарғы технологиямен жасалған құрылғылар бар. Соларды өзіміз үйрендік және де жүргізе аламыз. Бұл медицинада ең жоғарғы технология деп аталады және өте қымбат отаға жатады. Бұл құрылғылар бізге келмей тұрған кезде біраз аурулар шетелде емделетін. Шетелде емдеу бір жағынан өте қымбатқа түседі екінші жағынан үкімет емін жолын төлеп тұрса да бәрібір ата-анасы жағынан шығындану керек болады.

жамбастан аламыз. Бұл отадан кейін науқас бала 100 пайыз жазылып кетеді деген сөз емес, ол ұзақ мерзімді нәтижені қажет етеді. Алғаш бұл ауруды емдей бастағанда бір бала жазылса, қатты қуанатынымын. Ал қазір баланың 80 пайыз жазылып кету мүмкіндігі бар. Мені осы көрсеткіш қатты қуантады. Қатерлі дертті жеңген балалардың алды қазір 35-40-ка келді. Кейбірінің отбасы, бала-шағасы бар. Тіпті кейбірі бұл дертпен ауырғанын да білмейді. Ал бірі есіне де алғысы келмейді. Соншалықты қатерлі, емі ауыр болғандықтан, осыны өз басынан өткізген балалар ерте есейіп, өмірге басқаша көзқараспен қарайды.

Жас қазақ: Осы салада белгілі жетістікке жеткен шәкірттеріңіз бар ма?

Күлән Омарова: Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет» деген сөздеріне ой жүгіртсек, ұстаздың парызы алдына білім алуға келген әр шәкіртінің өмір жолына дұрыс бағыт беру, елімізді әлемге танытатын, ата дәстүрді құрметтейтін, ең бастысы Отанын сүйетін азаматты тәрбиелеу. Мен 5 ғылыми доктор, 23 кандидат дайындадым. Шәкірттеріміз барлығы педиатрия, гематология жағынан беделді қызмет атқарады. Бұл жан-тәңімінен беріліп істеуді талап ететін мамандық.

Жас қазақ: Маман ретінде айтыңызшы, онкологиялық дерттің пайда болуы немен байланысты? Нақты мынадай жағдайда пайда болады деп айта аласыз ба?

Күлән Омарова: Онкологиялық ауруды дәл мынадан пайда болды деп айта алмаймыз. Неге десеніз, зиянды зат әсер еткеннен бастап бұл ауру басталғанға дейін біраз уақыт өтеді. Ол уақыт аралығында әр адам, әр түрлі затпен кездеседі. Тіпті бұл басқа аурулармен жасырындып, алғашында білінбеуі де мүмкін. Әсіресе, радиация немесе радиактивті заттар да әсер етеді. Себебі Хиросима, Нагасаки қаласын алып қарасақ, жарылыс болған аумақтан 100 шақырым аймақта бірден лейкоздың саны өсіп кеткен. Радиацияның үлкен әсері болатыны анықталды. Химиялық заттар, көмірсутектер, жанармай, әр түрлі дәмдеуіштер де зиян болуы мүмкін. Біздің негізгі мақсат – бұл ауруды ерте анықтау. Дер кезінде ем қолдану. Орта есеппен алғанда, жылына лейкозбен 160-қа жуық бала ауырады. Онкологиялық ауру жас талғамайды. Лейкоз көбінесе 1-4 жас, 5-9 жас аралығындағы балада кездеседі. Бір ойлап қарағанда, балалардың түрлі онкоауруларға ұшырауы жиілегендей көрінеді. Қазір диагноз қойылып, ауруды анықтау деңгейі жоғарылады десек, дұрыс болады. Бұрын дертті баланың диагнозы анықталмай, қатерлі ісіктен көз жұмғанын ата-анасы, тіпті дәрігер де білмей қалатын еді. Қазір диагностика әлдеқайда жақсарды. Осыдан 25 жыл бұрын лейкоз үкім сияқты естілетін. Ал қазір неғұрлым ерте анықталса, соғұрлым тез жазылады.



бірнеше қаланы аралап, Алматы қаласындағы біздің орталық пен Қарағанды облыстық ауруханасын таңдады. Себебі мұндай бөлім балалар ауруханасының жанында болуы қажет екен. Сөйтіп 1993 жылы Алматыда 60 төсек орындық, ал Қарағандыда 40 орындық онкогематология орталық болып ашылды.

болады. Соңғы 25 жылда лимфобласты түріне шалдыққандардың 82 пайызы, ал миелоидты түрінің 62 пайызы жазылды. Біз онкологияға шалдыққан балалары тек 5 жыл өткеннен кейін ғана ауруын толық жеңді деп есептейміз. 1993 жылдан 2002 жылға дейін елімізде біраз қиындықтар болды. Ал бұл

Естелік

Ата-бабамыздың көне де көркем мекені — Алтайдың аспанында туған сөнбес жұлдыздардың бірі Ораш інім, Оралхан Бөкейұлы, еді. Ол маған Алтай күнінің елшісі, Алтай таңының жаршысы тәрізденетін. Шын мәнінде солай да! Қазағының қуатты да құнарлы тілін ту етті, жазып оқырманын, сөйлеп тыңдарманын тамсантты. Оны ісі қазақ білді!

Ораш жөнінен айтары аз емес ағаларының бірімін. Жадымда жатталып-қатталып жатқан ой-түйіндерімнің оннан бірі ғана ақ қағазға түскен шығар, қалғаны кезенін, кезегін күтіп, менің басқа да күйбен-күйбең тірлігімнің күндерін санап жатыр.

Ораш — әдебиетімдегі әйік тұлға болуымен ғана емес, жанымыз жақын бауырым болғанымен де маған қымбат бір бөлек әлем еді.

Менің кітапханамда Ораштың жеті жинағы қатар тұр. Бәрінде де: «Ғаба!» деп бастаған інілік жылы сөзі — қаламының ыстық ізі бар. Алтауын мұқият оқыдым, ал орысша «Человек — оленін» шолып қана қойдым. Аударма атаулының көбінесе солғын болатынын білуші едім. Ораштың ерекше оралымды, қарымды, қуатты көркем тілінің орысшадағы сүлдесіне куә болғым келмеді. Сол кітабын ұсынған өзінен аудармаға көңілі тұшынар-тұшынбасын

жазсын!» дейді. «Екі нөмірге бөліп берелік?!» десек, шарт-шұрт шамданып: «Ол, немене, обкомның, обликомның қызметкері ме еді?!» деп ажырайды. Марқұмның өлшемі «подвал» (гәзет бетінің төменгі жартысы) болды да, облпартком мен облаткомның қызметкерлерінен басқанын жазғандарын ол жаққа есте жолатпайды..

Бірде мен редактордың ық жағынан жақындап: Қаламы үшқыр жас екен, өзі де елгезек сияқты, деп бипаздап сөйлеп, Орашты «редакцияға жұмысқа шақырсақ» деген жолдастарымның ниетін білдірдім..

Қысқасы: Ораш жұмысқа келді, бірақ үш ай ғана тұрақтады. Редакцияның жеті бөлімі бар-ды. Ал соның бесеуін жаттанды сөз-сөйлемге ебден бауыр басып алған «тәжірибелілер» басқаратын (кадр жетіспеуінің кезде не жетісіндік, не орта мектептен кейін мұғалім болған, басқа да қызмет істегендер, гәзетке оны-мұны жазып жүріп, ақырында журналисқа зару редакцияға шақырылып келгендер) — солар Ораштың жазғандарына мұрын шүйіріп: — Мынау қазақша емес, иә, қазақ бұлай жазбайды! — десіп күлетінді шығарды, редактор оларды қостап кеңілдейтін болды. Орашты жақтайтындар азбыз, бізді кекселер тындамайды. «Әй, шырағым, сен бізге ақыл айтатын жасқа әлі жеткен жоқсың!» деп кергілді.

Бір күні Ораш: «Аға, мен ауылға қайтамын!» деді. Мен не дейін?! «Кішкене шыдасаңшы... көрейік...» дедім. Ораш иегін иығына бұрып тастап: «Құрысын!» деді.

Ораштың «Лениншіл жас» арқылы үлкен әдебиетке тезірек келуіне қаламдас ағасы Шерхан

Аймаш біздің балаларды үйде болса — үйде, далада болса — далада көтеріп алып, аймалап сүйіп, кәмпит беріп, айналып-үйрілетін, кіші қызымыз Жанарға қуыршақ әкеліп жүретін, кейде үйлеріне алып кететін, бірер рет көйлек кигізіп, бантик байлап алып келгені де бар. Ол қылығына: «Аймаш, тентек болма!» дей алмады. Еріксіз жұбаншына жүрегіміз жаншылатын. Жұбайым Әсила да аңқылдаған көңілшек адам еді: «Аймаш Жәкөнді орайынан иіскеп-иіскеп жылап жібереді...» деп өзі де егілетін. Мен көз жасы құрығырды жұтып отыратынмын. Ораштың да маған бірде бар мұның шағып, Аймаш екеуінің айырылысуға келіскендерін, «менен ен соңғы белгі осы болсын!» деп, әдейілеп алғашқы кітабына қоштасу сөзін жазып бергенін, бірақ айырылысуға өзінің дәті бармағанын айтқаны-ды. Мен не дейін?! «Бастарын жас, түйілмендер...» дедім.

Ораштың бала сүйіп, әке қуанышына бөленіп жүргенін де көрдім. Джинси деген жарғақтан пенжақ-шалбар киген екі, үш жастағы Айханын жетектеп жолыққан сайын: «Ғаба, жерден жана көтеріліп келе жатқан А.О. Бөкеев жолдастың сиқына қараңызшы!» — деп мәз болатын еді..

Шығармашылық жолында ақ жаңбыры да, қара бұршағы да болған қаламгердің бірі Ораш екенін мен де білемін. Ораш күйінген сәттерде менің бар айтарым: «Көреалмастың көзіне көк бөрі бол, бауырым!» Кәсіп тірлікті жүйеде әділдікке иек сүйеуден арғы игілікті күту қиямет екенін, заман сені өз еркіне иіп көндіретінін, пендешілік үмітпен сүйеген иегіңді жұтка жұлып алып итке тастай салмағанына шүкіршілік етпеске лажын болмайтынын мен журналистік жолымның

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



қайтып келіп өкпе-наз айтар жайым болмас; ондайды — өзін-өзі насихаттау, өзгелерге насихаттау тәрізді сапастықты тәңір маған әу баста бермеген, сонысына ризамын!

...Айманды арулап аттандырған Ораш екі жылдан соң төсек жаңғыртты. Алланың алды кең ғой, едел-жедел екі перзент берді: Айхан атты ұл, Айжан атты қыз сүйді. Біз де сүйіндік. Бірақ ойда-жоқта өкініш қилікті. Үндістанға сапар шеккен ақын-жазушылар тобының жолбасшысы Ораштың Делиде ұйқысынан оянбай қалғанын мәлім еткен суық хабар келіп жетті. Жас 49-дан, мүшел межесінен аса беріп... Айханы төрт жасында, Айжаны үш жасында мейірімді Әкеден айырылды... Біз Аяулы Азаматтан, Ұлы Қаламгерден айырылдык... 1993 жылдың мамыры көз жасын төгіп тұрды...

Елі, халқы Оралханын — керімсал ойлы, кестелі сөзді жазушы-публицист, драматург, Ұлын жоқтады... Мен Орашымды жоқтадым... Аңыраған аза сөзім тасқа былайша басылды:

АҚИҒЫМ-АУ, НЕ ДЕЙМІН?!

Туған жердің топырағы жыл-он екі ай жып-жылы болып жатады. Маған солай. Алтайыма аязды қыста барғанымда да жердің сол жылуын сезінемін. Сезініс көңілімді желтоқсан-ақпанда да көктем етеді. Ал көктем желгініс шақырады. Мен ол желгініс сөзінде, неге өкпенім білмеймін, Алтайдың табиғатынан нәр алып ержеткен, тек несіп-дәм тартуымен небір қиырға кетіп, сонда аман-есен түтін түтетіп, өрісін кеңейтіп, халқының кәдесіне жарап жүрген аға-іні, апай-қарындастарымның атынан қарт Алтайға сағынышты сөлем жеткіземін, қиыр-қиындағы ұл-қыздарының еңбегінен егжей-тегжейлі есеп беремін.

Жақын арада, тәңір жазса, туған жерге және бір мерте жолым түспекші. Сонда қарт Алтай:

— Қаһарман перзентім Қасым Қайсаулының жасы жетпіс беске толды ғой, хал-ахуалы қалай? — дер.

— Құдайға шүкір. Қаскөң Жамбыл атасынша жүз жасайды деген үмітіміз бар, — дермін.

Қарт Алтай: — Басқалары ше? Бас-басына сұратпай, жылдағыңша жалғап айта бер, — дер.

Мен жасына бағынып айта бастармын. Жетпістен алпысқа түсермін. Алпыстан елуге түсермін. Елуден қырыққа түсерде... мүдірермін.

Қарт Алтай сонда:

— Иә, неге мүдірдің? — дер.

— Оралхан... — дермін, өу баста-ақ аласұрған азалы шыдамымның шегіне жетіп, дауысымның дірілін кеудеме қамап тұрып.

ОРАШ

ең бірінші қаламында-ақ басымнан кешіргенмін. Орашқа: Ерегес те жаза бер. Шығарманың түпнұсқасы өзіннен басқанын қаламы тимеген қалпында архивінде жатсын. Тандамалыңды шығарар тосқауылсыз кезеңіне жеткенде түзеу-күзеусіз шығартатын боласын», дегенімде ол езу тарта жымыятын...

Қыркы өткерілгеннен кейін үйіне әдейілеп барып, жана келінге, оның «папасымын» деген бұрыл бас ағайынға Ораштың әдеби мұрасына мұқият болсақ, жаналарын шығаруды ойластырсақ, біздің Аударма алқасына мақалалар жинағын тапсырмақшы еді, соны қарасақ деген ойларымды білдірдім, — екеуі де селкөс тындап, үнсіз шығарып салды. Жерлес ағасы, танымал қаламгер Ысқақов Қалиханға айтып едім, ол: «Жана келінді бұрын білмеуші едім, олармен Дидахмет пе, бір жігіттер жақын жүретін, соларды жұмсармыз», деді де, сонымен тындық.

Пенде ғой деп, немесе марқұм болып кетті ғой деп емес, қаламының қуатына тәнті болып қамқорлық жасау бізде тым сирек ұшырастын жәйт емес пе? Ораш сол шын қамқоршыға,

Мұртаза жол ашты. Оны өзі де айтып: «Менің партиям — Шер-аған! «Партия қайда болса, жәніс сонда!» Только алға! деп жымындаушы еді... Біз сегіз жыл бойы (1976-1984) құдайы көрші тұрдық. Жамбыл көшесіндегі 165-үйдің соңғы подъезінде: 36-пәтерде — біз, 39-пәтерде — Ораштар. Екі шаңырақтың сүйініші


де, күйініші де ортақ болды.

Сенбі, жексенбі күндері, жылы айларда, Ораш та, мен де таңертөн біріне бірі қиғаш балқондарымызға шығып күншуақтаймыз, бас шұлғысып, қол көтерісіп сәлемдесеміз. Көрші жігіттердің қайсыбірі аулада, жанама шолпақ көшеде керіліп-созылып, ары-бері жүгіріп жүреді. Ораш соларды иегімен меззеп: «Ғаба, аналардың жүз жасағылары келіп жанталасып жүргендерін қараңызшы!» деп күлетін. Ал салқын мезгілдерде телефон шалысып, бір-біріміздің уақытымызға «құда түсетін» едік. Жылыда ол «мәселе» балқонда-ақ шешіледі, әрине. Мен «құдалықты»: «Ораш, шайқалып келді ғой!» деп бастаймын. «Ғаба, трынқаға қалайсыз?» деп ол бастайтын. Маған картада «трынка» деген ойын барын айтқан да, үйреткен де — Ораш. Менің «шайқалып келді ғойым» — шұбат. Қаскелен ауданындағы бір совхоздан аптасына 10-15 литр шұбат алдырып тұратын едім. Асқазанын ауыратын, ал шұбат соған шипа десті. Алғаш алдырған күні Ораш пен келіншегі Айманды әдейілеп шақырып, бір рахат отырыс өткіздік. Ораш: «Ағатай-ау, мынауыңыз әлгі жүгеріші көсем айтқан коммунизмнің нышаны ғой?!» деп мәз бола отырып, сүйсініп ішті. Бірақ ол екі кеседен артыққа бармады.

«Осыны дәру деседі, солайы солай да сияқты, бірақ еркін үйрене қоймаған асқазанымды үркітіп алам ба деп қорқамын!» деді, жымың-жымың етіп. Ал бір күні: «Ау, Айекесі! Аға-женгемізге аспаннан ақша жаумайды, мына аппақ балды текке іше бермей, кәне, төлеп іш!» деді ойнақы дауыспен. «Әрине!» деп Айман халатының қалтасына қол салды. «Аймаш, тентек болма!» дедім, Ораштың «айдап салу» әзіліне орай әдейі өктем үнмен. Аймаш екі алақанмен

бетін басып күліп жіберді. «Мен өзі тәп-тәуір провокатормын, ә, женгей!» деп Ораш Әсилаға қарап, шаққалап кеп күлді. «Әй, жолдас «провокаатор», сен де тентек болма!» деп ініме жорта ажырайдым. Ол: «Ағатай-ау, біздікі жай қалжың ғой, әйтпесе, текке ішкенге не жетсін?!» деді жорта бұртып. Бірақ бізміз зәкім-мәйрәм болдық. Ондай сәнді сәттер ұмытылар ма?! Қалай сағынбасың, ай-хай, жалған дүние-ай!..

Қарындасымдай болған Аймаш та ақкөңіл, адал жаратылыс еді-ау!.. Алла тағала бір шикі өкпеге зар етіп, айналайын-ай, арманда іштей еніреп кете барды...



сұрағанымда: — Шыға берсін де! — деп, әрқашанғы әдетінше, иегімен оң жақ иығын «нұсқап» күліп қойған...

Жеті жинағына құнара көз тастаймын. Кітап шкафым азу үстелімнің жанында, қолқосымда. Қараған сайын елес пен ой қабаттасып, қанаттасып кете баралды. Ораштың, Өр Алтайдың көңілімде бір сәтке ғана тынған, тыншыған, тұнған кескін сурет көріністері ілік қайта жанданып, әрленіп, нәрленіп, сағыныш сезімімнің мазасын алады, тербейді, толқытады. Мен оған, олай болғанына, әсте ренжімеймін, құдай куә, кейімеймін, керісінше: жанымды қалайда жылытатын, бір тәтті мұңға, бір сұлу елеске кенелтетін, жанағы мазасыздықты маужырастыққа жалғастыратын сағынышым үзілмесе екен деп шын тілеймін.

Шығыс Қазақстанның «Коммунизм туы» деп аталған (қазіргі «Лидар») облыстық газеті редакциясының мәдениет және тұрмыс бөлімінде қызмет істеп жүрген кезімде Ораштың ауылы жағынан — Катонқарағай ауданынан анда-санда жолдап тұратын очеркін, әңгімесін, хабар-ошарларын оқып, ең әуелі тіл құнарлына қызықтым. Өзім естімеген, оқымаған сөздерді ұшырастырып, шын тандандым. Өзімнен әлдеқайда кіші жігіттің



Оралхан, балалары Айхан мен Айжан, жазушы Әлібек Асқаров

соның бәрін қайдан білетінін түсінбейтінмін. Кейде тіпті сене алмайтынмын. Бірақ сенбесіме қоймады, қызықтыра, тарта түсті. Орыс арасында өскен мен сияқтыларға таза қазақ ауылындағы Орашша тілге жүйрік болу тым қиын екенін ақырында түсіндім. Оның жазғандарына қалам тигізулен тартылдым. Алайда, амал не, әңгімелері, очеркі де кейде өзіне қайтарылатын болды, біз, жастар, жақтағанмен, редактор (қазірге о дүниедегі кісінің аты-жөнін атамай-ақ қояйын) мақұлдамайды, «ашы ішекше шұбатылған бірдене екен, болмайды! Подвалдан асырмай



әсіресе, қолжазбасын кітапқа айналдыру ойын іске асыру кездерінде, оншама жарыған жоқ-ты. Сол күйге енді әдеби мұрасы дұшар болды ма...

Біз — бөгдетілділер мен бөгдетінділер теуіп бітірген тақырда туғандар — не ій болып кеттік, не басасау болып шықтық. Ій болғанымыз біреудің жетегіндеміз, өз төтемізден әрекетіміз жоқ. Ал басасауымыз ешқашан ешкімге илікпейміз де жағаттамаймыз, жалынбаймыз, жағынбаймыз, сол турашылдығымыздың салдарынан өзімізге тиесілі сыбағадан, сый-сияпаттан құр қаламыз, сонда да жаратылысымыздан жанылу, өзгеру болмайды. Мысалға өзімді алсам: зейнетке шығарға дейін қызмет бабыма орай отыз кітабымды шығартып алар мүмкіндігім болса да, жеті кітабым ғана шықты. Рас, Әзіз Несиннің бір кітабын, Остап Вишняның бір кітабын, Аурелиу Бусуйоқтың (молдаван сатиригі) бір кітабын аудардым. Әдеби сын макала жазумен де айналыстым. Бірақ шығармашылық еңбегім талданып, бағаланып көрген жоқ, егер мерейтойым ынғайындағы макала атаулыны есепке алмасам. Айтпақшы, 60 жылдығымда «Егемен Қазақстанда» Темірбек аға Қожакеевтің «Бұл қай Ғаббас?» деген бейжанр жазбасы жарияланды, онда не бір жинағымның, не бір аударманың, тіпті біра-ау, әкемінің де аты атаусыз шыққаны ғой! Таңданып тындым. Яғни қазақ әдебиетінің прозасында, сатирасында, очеркінде, публицистикасында, аудармасында қандай үлесім, нендей еңбегім бары жалпақ жұртқа жинап айтып берілмеді. Мерейтойышыл Жазушылар одағы: «Жасы алпысқа толды-ау, осы одақта тапжылмай отыз жыл тер төгіп, қаламгерлік жолын қатардағы қызметкерліктен бастап, басқармамыздың екінші хатшысы болып аяқталды-ау!» демеді де. Е, мейлі, деп ойлап қоям, атақ үшін, орден үшін туған жоқпын ғой! Жазғанымды, ғұмыр жеткенше жазарымды ертеңгі ұрпақ кәдесіне жаратса, алдын ала шүкіршілік дейін, ал жаратпаса,

Алтайың сонда:

— Е, менің қамшыгер ұлым ба? Білек күші толтыспаған, қаламы төселмеген жасыңда Алтайынан аптаны, Алатаудың бауырына барып ат тұмсығын тіреп еді, қанаты қатаймаған бала қыран көзінде Алтайынан самғай ұшып, Алатаудың қиясына барып ұя салып еді. «Жолың болсын, балам!» дегенмін. Жолың болды. «Арманыңа жет, балам!» дегенмін. Жетті. Қазақтың көркем ойын, көркем сөзін қапысыз түсініп игерген, тіл кеңінің құнарлы қатпориңдай хикая, романдарын айтпағанда, әрбір әңгімесінің өзі қымбат сөздің кестесіне айналған ол Ақиығма мен ризамын! Жыда келіп, аунап-қунап кетеді. Биыл қашан келер екен? — дер. Ақиығым-ау, сонда мен не деймін?!

Алтайың: — Жаңа роман жазып жүр еді, бітірді ме? — дер. Ақиығым-ау, не деймін?!

Алтайың: — Биылғы қыркүйекте жасы елуге толады ғой, қалай тойлауды ойластырдыңдар ма? — дер. Ақиығым-ау, не деймін?!

Алтайың: — Айналайымның денсаулығы мықты емес еді, емделіп жүр ме? — дер. Ақиығым-ау, не деймін?!

Алтайың сонда: — Неге үндемейсің? Не болды?! — дер. Ақиығым-ау, не деймін?!

Туған жердің жылы топырағына түсер бір іздің шынымен кемігені ме?... Алтайың аңырайды ғой, Ақиығым?! Не деймін өнді, не деймін?!

Аға Ғаббас КАБЫШҰЛЫ, («Қазақ әдебиеті» гәзеті, 21.05.1993.)

Ғаббас КАБЫШҰЛЫ, 2009 жыл

(Жалғасы бар)

Әңгіме-сұхбат

Соңғы жылдары медицина саласында көптеген жаңа бағдарламалар жүзеге асуда. Оның ішінде медицинаны цифрландыру, 2016-2019 жылдарға арналған медициналық сақтаңдыру, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету деген сияқты ең өзекті тақырыптарды айтуға болады. А.Сызғанов атындағы Ұлттық хирургия ғылыми орталығының басқарма төрағасы, хирург-трансплантолог Болатбек Баймахановпен болған сұхбатымыз бүгінгі медицинаның жетістігіне, бағдарламалардың тиімділігіне арналды.

Jas qazaq: Болатбек мырза, «Мамандыққа да махаббат керек» деп жатушы еді. Сіз білікті дәрігерсіз. Трансплантология саласында алдыңызға жан салмайтын озық мамансыз. Жалпы, жауапкершілігі ерекше мамандықты қалай таңдадыңыз? Өткен күннен қалған естелігіңіз бар ма?

Б.Баймаханов: Менде дәрігер болсам екен дейтін бала кезден қалған арман болған емес. Әкем бағыт көрсетіп, осы саланы таңдауыма ақыл-көнісін айтты. Ол кісі менен жақсы дәрігер-хирург шығатынын сезсе керек. Сөйтіп Алматыдағы медициналық университетке оқуға түстім. 1 және 3-курс тағы сабақ қиын әрі қызықсыз өтті. Жалпылама оқып, медицинаға қатысты пән болмады. 3-курста өз мамандығым бойынша дәріс басталып, 4-курста отаға қатысып, хирургтардың жұмысын өз көзімізбен көрдік. Сол сәттен бастап хирург боламын деп шештім. Хирургияға қатысты барлық кітапты ақтарып, әдебиет оқыдым. Ең алғашқы ота әр дәрігердің есінде қалады. Ұстазым, марқұм Сапар Темірбекұлының басшылығымен студент кезімде, 5-курста жасағам. Шат жарығы отасы еді. Ол кезде студент тұрмақ, тіпті бітіріп кеткен түлек-дәрігерлерге де ондай операцияны сеніп тапсырмайтын. Алғашқы жұмысымнан соң ота жасау қолымнан келетінін түсіндім. Дәрігерлер арасында «Қолыңның икемі бар» деген әңгіме тарай бастады. Оқуды бітірген соң, 3 жылдай Қызылордалағы облыстық ауруханада жұмыс істедім. Содан кейін Киевке 6 айлық оқуға бардым. Кенес үкіметі кезінде Александр Шалимов атындағы ең мықты хирургия

жұмысымызды, нәтижемізді дүниежүзі біледі. Жүрек, өкпе, бауыр, бүйрек трансплантациясы бүгінде жоғары деңгейде жасалып жатыр. Трансплантациядағы ең негізгі қажеттілік ол – донор. Донордың, яғни тірі адамның бір бүйрегін немесе бауырының бір бөлігін басқа адамға салу. Екіншісі – өмірден өткен адамның органын алу. Қайтыс болған адамның белгілі бір органын алып, екінші адамға салудың жауапкершілігі біржақты ғана. Науқастың қамын ойлайсың. Ал тірі адамның мүшесін трансплантация жасау екі есе жауапкершілік жүктейді. Донормен бірге науқастың да саулығы хирургтің мойнында. Айталық, мерт болған адамның бауырын алу операциясы үш сағат жасалса, тірі адамның бауырын трансплантациялау жиырма сағатқа созылады.

Jas qazaq: Осы трансплантацияда қандай жаңа әдіс, соңғы технология қолданысыздар?

Б.Баймаханов: Трансплантацияның өзі жаңа технология болып табылады. Негізінен ағза ауыстыру идеясы, мысалы, бауыр ауыстырғалы 50 жылдан асты. Ал бүйрекке 70 жыл. Бірақ инновациялық техникалармен шешу мәселесі бір орында тұрмайды. Бүйрекке лапароскопиялық методика қолданылады. Көлемі кішкентай 5-6 сантиметрлік жарық

Болатбек БАЙМАХАНОВ:



барлық бұқаралық ақпарат құралдарына ағымыздан жарылып айтып, жұртқа түсіндіріп шаршалық. Нақтылап көрсетіп, ұғынықты тілде жеткізіледі. Бірақ байыбына бармай, қашқактайтындар бар. Мүмкін, біз айта берсек, уақыты келгенде құлақ үйренетін шығар? Түбі бұл мәселенің де түйіні тарқайтынына сенемін. Мысалы, Иранда, Араб елдерінде, Түркияда біздікіндей түсінік жоқ. Олар да



тапсырылды. Енді оны орындау керек деген дүние емес, қатаң түрде қадағаланған жүйелі жұмыс, нақты нәтиже, жоғары көрсеткіш керек. Өйткені жеке адамға тиесілі ақпарат жария болмай, ортақ базада тұрады. Бізге құпия түрде сақталғаны қажет. Барлық аурухананың статистикасы, науқастың тарихы 25 жылға дейін мұрағатта сақталады. Ал вирус кіріп кетіп, ақпарат жойылар болса, жұмыстың бәрі зая кетеді. Осы мәселе бойынша жұмыс қатаң түрде жүргізілсе, онда қағазбастылық тоқтап, жұмыс әлдеқайда жеңілденетін еді. Ал біздің міндет соған дайын болып, уақытында көшу.

Jas qazaq: Болатбек мырза, медициналық сақтандыру деген бағдарлама бар ғой. Сол бағдарламаның қарапайым халық үшін тиімділігі қандай?

Б.Баймаханов: Бұл тек қана Қазақстанда енгізілген жүйе емес. Барлық дүниежүзінде бар тәжірибе. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізудегі басты мақсат – жауапкершілікті арттыру. Себебі денсаулық үшін мемлекет немесе медицина саласы емес, алдымен әр адам өзі жауап беруі тиіс. Сонда ғана ұлт денсаулығы жақсарды.

Әр адам өз қалтасынан ақша төлеген соң, денсаулығын күтуге жауапты болады. Бұған қоса, денсаулық сақтау саласының көрсеткен көмегінің сапасын сұрайды. Бұның жақсы жағы көп. Теориялық тұрғыда айту оңай болғанымен, іске асырарда қиындық туындауы мүмкін. Өйткені ең алдымен қорда ақша болуы керек. Қорда ақша болу үшін әр адам тиісті қаражатты уақытында төлеп отыруы басты талап. Жиналған ақша, көрсетілген көмекке кеткен шығынның орнын толтыра алуы қажет. Тиісті орындар категория бойынша әр алама бөліп көрсеткен. Жүйе енгізілгеннен кейін халық жоғары сапалы көмек ала алса, жүйе өзінің қолдауын табады. Жыл сайын дәрігерге қаралып тұруға, тіпті ауырмауға тырысады. Сонымен қатар, сау адам науқастанғандарға, жұмыс істейтін азаматтар жұмыссыздарға көмектеседі. Жұмыс беруші қарамағында

істейтін жұмыскерлерінің денсаулығы үшін жауап береді. Сөйтіп қоғамда ортақ жауапкершілік қалыптасады.

Jas qazaq: Жұмыссызды жұмысы бар адам «асырса», зейнеткердің ем-дом қаражатын тағы біреу төлесе, бұл қоғамда қайшылық тудырмай ма?

Б.Баймаханов: Бұл мемлекеттің қаулысымен қабылданған шешім. Егер ол жұмыссыздар орталығына барып жұмыссыз ретінде тіркелсе, қолына қағаз береді. Сөйтіп ортақ базада тіркеуде тұрады. Оған үкімет төлейді. Ал егер қол-аяғы сау, дипломы бар, бірақ жұмыс істеуге талаптанбай, бос жүрген болса, онда өзі төлейді. Ең төменгі есептік көрсеткіш бойынша төлеуге мейжбүр. Сонда медициналық сақтандыру бойынша кез келген көмек алуына мүмкіндігі туады. Бұның барлығы белгіленіп, жүйеге бөлінген. Тағы бір айта кететін жайт бар. Мысалы, айлық көлемі мен қорға түсіп жатқан баға сол қалпында қалады. Ал көрсетіліп жатқан көмектердің бағасы қымбаттауы мүмкін. Өйткені біздің жасап жатқан құрал-жабдықтың барлығы шетелден келеді. Девальвация болған сайын құны көтеріліп отырады. Егер дәрі-дәрмек, құрал-сайманның көбі өзімізден шыққанда, көрсетілетін көмектің бағасы да жоғарыламас еді. Осыған байланысты көрсетілер көмекке қаражат жетпей қалуы мүмкін.

Jas qazaq: Сіздің сөзіңізден түсінгеніміз, денсаулық сақтау саласындағы цифрландыру, медициналық сақтандыру, адам ресурстарын дұрыс пайдалану, медицина ғылымын дамыту жағы жүйелі жұмыс істеп келе жатыр. Ал дәрігерлердің әлеуметтік жағдайы әлі де ақсап тұрған сияқты. Бұған не дейсіз?

Б.Баймаханов: Дәрігердің жұмысын басқа саламен салыстыруға болмайды. Жауапкершілігі мол, қиын мамандық. Адам өміріне

жауап беретін күрделі сала. Әрдайым жұмысына адал болып, өз ісімен айналысып, бос уақытта білімін жетілдіре түсу керек. Өйткені дәрігерге ешқашан білім артықтық етпейді. Себебі адам денсаулығы, оның ішінде ауруларды зерттеп, оны соңына жеткізу мүмкін емес. Бірақ жалақының аздығы науқас тұрмақ, өзінің қара басының қамын ойлауға жетпей жататын жағы да бар. Көп жастарымыз ауылдық жерге барғысы келмейді. Жақсы өмір сүргенді ешкім жек көрмейді. Ал ауылдағы денсаулық сақтау саласының түйіні көп. Ауылда дәрігер болмаса, 60 пайыздан астам халықты кім емдейді? Туу көрсеткішінің басым бөлігі де осы ауыл-аймақтарда. Соңғы жылдары жастарды ауылға тарту үшін көптеген жеңілдік пен жағдай жасалып жатыр. Айлық мәселесі жылдан-жылға көбейгенімен, әлі де түйткіл баршылық.

Бұрын медициналық институт алғашқы орында тұратын еді. Оған оқуға түскен студенттің әке-шешесінің төбесі көкке жеткендей қуанып, мақтанып жүретін. Өзімізге де сол кезде медицина университетінде оқимын деп айту – кеуденді кернеген мақтаным болатын. Ал қазір сол абыройын аздап түсіріп алғандай. Оның да түрлі-түрлі себептері бар.

Jas qazaq: Отандық дәрі-дәрмекпен қамту тақырыбына ойыссак...

Б.Баймаханов: Біздің негізгі алып жатқан дәріміздің көбісі шетелден келеді. Мықты, қуаты мол, аты дүниежүзіне тараған компаниялардың шығаратын өнімі. Мысалы, ол дәрісіз ауруды емдеп жаза алмайтын болсаң, отандық өндірушілер шығаруға дайын болмаса, шетелден алуға тура келеді. Әрі шығаратын дәрінің көлемі үшін біздің халықтың саны аздық етеді. Мәселен, қымбат дәрі-дәрмек алатын адамдар тізімі көп емес. Ол ертен зауытты салуға кеткен шығынның орнын толтыруы керек. Сол себепті дәрі-дәрмек өндірісінде де шешімін таппай тұрған тақырып бар. Дегенмен отандық дәрілердің сапасына күмәнмен қарамаймыз.

БҮГІНГІ МЕДИЦИНА ТРАНСПЛАНТОЛОГИЯМЕН ӨЛШЕНЕДІ

мектебі еді. Ол жердегі жасалған отаны көріп, көзқарасым өзгерді. Қызылордалан Алматыға ауысайын деген жоспар құрдым. Ары қарай білімді жалғастырып, өзімді олан сайын дамытқым келді. Егер тағы да бір мүмкіндік берілсе, осы мамандықты қайта таңдар едім. Алдымен Аллаға, содан кейін маған жол көрсеткен ата-анама, ұстаздарыма алғысым шексіз! Бұрын-соңды ешкім жасамаған отаны жасап жүрміз. Бұл да жаңашылдық, жаңашылдыққа ұмтылу деп білемін.

жасап, сонымен алынады. Өйткені аурудан тез айығып кетуіне пайдасы көп. Жаңа дәрі-дәрмек, қолданатын құрал-жабдықтың барлығы



«Отандық медицина ғылымын дамытудың бірінші кезекті міндеті – әлемдік озық стандарттар мен тұжырымдамалар трансфертінің негізінде оның әдіснамалық тәсілдерін жаңғырту болмақ. Осы мақсатпен отандық ғылыми-зерттеу бағдарламалары мен жобалардың халықаралық бағдарламалармен және жобалармен интеграциясына баса назар аударылатын болады, отандық жобалардың халықаралық көп орталықты зерттеулер бағдарламаларына тартылуы ынталандырылады»

(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)



мұсылмандар ғой. Дінде «Алла ағзамызды аманат етіп берген, оған қиянат жасамау керек» деп жазылған. Соны санамызға құйып алғанбыз. Шариағатта көрсетілгендей, арақ ішпеу, ұрлық, қиянат жасамау керек дегендерді ұстанбай, осы ағзасын беріп, көмек көрсету, жақсылық жасау жағына келгенде діншіл бола қаламыз. Бұл дұрыс емес. Донорлыққа қатысты заң бізде де бар. Бірақ заң барлық мәселені шешіп бере алмайды. Дүниежүзінде қабылданған тәртіп бойынша, адамның миы өлсе, ол өлген адам болып саналады. Алайда қоғам бұған дайын болмағандықтан, түсінбеушілік туындауы мүмкін. Әзірге трансплантацияның 10-15 пайызын ғана жауып отырмыз.

Jas qazaq: Еліміздегі барлық сала

цифрландыруға көшіп жатыр. І шілдеден бастап Алматыдағы барлық медициналық мекемелерге цифрландыруға өту тапсырылған. Өзіңіз басқарып отырған орталық бұл жаңашылдыққа қаншалықты дайын?

Б.Баймаханов: Қай мемлекетке барсақ та, қағазбен жұмыс істеп отырғанын көрмейміз. Қазіргі заманның тілегі, талабы сондай. Цифрландыру – тез ақпарат алып, бір-біріне аз уақытта ақпарат беру, алмасу деген сөз. Бүгінгі қажеттілік қағаз емес, осы цифрландыру. Барлық мекеме өз дайындығын жасап жатыр. Біз де дайынбыз. 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап, «қағазсыз ауруханаға» айналамыз. Барлығы бір жүйеге ауысады. Әр облыс, аудан, қала дайын болғанымен, оның бәрін біріктіріп, бір жүйеге келтіру – үлкен жұмыс. Жұмыс

жұмыстың нәтижелі болуына әсер етеді. Оның ішінде жаңадан дамып келе жатқан сала лапароскопиялық методикамен, кішкентай тесіктермен тірі донордың бауырын алу. Келесі жылдан бастап соны жасауды жоспарлап отырмыз. Ағзаны алу қағидасы ескі болғанымен, қалай жасау мәселесі, жолдары, технологиясы жаңарып отырады. Трансплантация жасаған, ауыстырған органның әрі қарай тез жазылып кетуі, технология мен дәрі-дәрмекті қалай пайдалануына байланысты.

Jas qazaq: Трансплантация туралы қоғамда әлі де түсінбеушілік болып жатыр. Осы түсінбеушілік болмас үшін халыққа қалай түсіндіріп, қалай жеткізу керек? Ағза алмастыру заңмен қалай реттеледі, дін өкілдері бұған қатысты не айтады?

Jas qazaq: Қазір барлық елдердің медицинасы трансплантологиямен өлшенеді екен. Егер ағза алмастыра алмаса, ол елдің медицинасы дамымаған деген ұғым бар. Ал біздің елдегі трансплантологияның жағдайы қалай?

Б.Баймаханов: Біздің елдегі трансплантологияның қарқыны, деңгейі өте жоғары. Біраз орталық бұл жұмысты қолға алғалы бірнеше жыл өтті ғой. Ағза алмастыру отасын жасау үшін жақсы тәжірибе, мықты команда қажет. Қазір барлық нәрсеге мүмкіндік бар. Тек соны дұрыс қолдана алсақ болғаны. Технология да халықаралық талапқа сай. ТМД елдері бойынша Ресей мен Беларусьтен кейінгі 3-орындамыз. Өзбекстан, Қырғызстан, басқа да Кавказ елдерінде бұл бағдарлама енді-енді қолға алынып жатыр. Біздің жасаған

Жәдігер

Қазір жастардың назарын біртіндеп өзіне аударып отырған ұлттық спорттық ойындар сайып келгенде, ұлттық педагогиканың бағзы замандағы дәстүрлі, барына тиімді әдістері болып табылады. Көркемдік-эстетикалық және дене тәрбиесінің бөлінбейтін бір бөлшегі санатындағы ұлттық спорттық ойындардың астарында сан ғасыр бойы қалыптасқан тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, намыс, ерлік, батырлық туралы өзіндік көзқарастары жатыр.

дүркін чемпиондары атанды. Қос жүйрікті Шучье ауданындағы атакты атбегілер Амантай Мағзұмов пен Мейрамбек Қосшығұлов дайындады. — Бала кезімнен атқа құмар болып өстім. Өз аттарыммен облыстық және республикалық жарыстарға үнемі қатысып келемін. Ертеректе ат бәйгесінің әр түрімен айналыссам, ендігі арада жорғаға көңілім ауып жүр. Көргеннің көзін сүйсінетін ақсүйек өнер сол ғой. Негізінде, жылқының туа бітті жорға болғаны дұрыс. Өз тәжірибемде үйретілген жорғалар да кездесті. Бірақ

шебері А.Қазымбетовты еске алуға арналған республикалық казак күресі турнирінде мектеп оқушысы Әлихан Орынбай бірінші орынға ие болса, Илияс Бейісқенов, Алтай Айдо, Алтынбек Сейітов, Кирилл Дядьченко екінші орынды еншіледі. Алматы қаласында өткізілген білектесуден Азия чемпионатында Диана Ишенова, Андрей Хан, Данил Борисов, Дмитрий Хазов, Руслан Исмаилов, Дмитрий Тюковтар өз салмақ дәрежелерінде бірінші орынға ие болды.

Қазақстан чемпионаттарында Алматы қаласында ересектер арасында өткізілген аударыспақ сайысында Кенжебек Еслямов мектеп мерейін өсіріп бірінші орынға ие болса, Ақылбек Аманжолов екінші орынды місе тұтты. Ақтөбе қаласында өткізілген «Ақ бидай» республикалық селолық спорт ойындарында осы аударыспақтан Жаслан Таңқыбаев екінші орынға ие болды. Осы жарыста жамбы атудан Айболат Естай үшінші орынды қанағат тұтты.

Мектепте армрестлинг спорты да жақсы нәтиже беруде. Мәселен, Алматы қаласында өткізілген балалар мен жасөспірімдердің ел чемпионатында 75 килограмм салмақ дәрежесінде Андрей Глухов екінші орынды иеленсе, Қырғызстанда өткен Азия чемпионатында 110 келі салмақ дәрежесінде Олег Пивнев жеңімпаз атанды.

— Мектебіміздің табыстары толымды, — дейді мектеп директоры Марат Қойшин,

— жарысқа барған жерден жүлдесіз қайтпаймыз. Әйтсе де, жамбы ату, көкпар, аударыспақ, асық ату тәрізді спорт түрлерінен жаттықтырушы мамандар жетіспей жатыр. Сондықтан да бұл спорт түрлерін дамыту қиынға соғуда.

Сөз арасында ұлттық ұлағаты мол мектептің материалдық-техникалық базасы әлі де жетілдіруді қажет ететіндігін сыналап айта кеткеннің артықтығы болмас. Мәселен, арнайы жабдықталған спорт залының, тренажерлік залдың болмауы айтарлықтай қиындық туғызып отыр. Оның үстіне көкпар, жамбы ату, ат спортымен айналысатын оқушылардың киім қоятын шафтарын, жаттығудан кейін жуынатын орындарының болмауы да қолайсыздық тудыруда. Ең басты мәселе, мектеп оқушыларының республикалық және халықаралық жарыстарға қатысуға мүмкіндіктері бола бермейді. Өйткені қаржы тапшы.

Бүгінгі таңда мектеп жанындағы «Құлагер» ат шабарында Краснояр селосы мен жақын маңдағы елді мекендердің тұрғындары үшін ұлттың ат спорт түрлерінен ойындар ұйымдастыру жобасы әзірлену үстінде екен. Бұл ниет бұқаралық спортты дамытып, халықтың дене шынықтырумен және спортпен үздіксіз айналысуына мүмкіндік туғызады.

Спорт

Елімізде дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында ведомствоаралық тәсіл негізінде Мәңгілік Ел жалпыұлттық патриоттық идеялар құндылықтарын ілгерілету бойынша өзекті міндеттерге сай келетін халықтың дене шынықтыру мен

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



11

15 ұйымның қызметкерлерінен құралған командалар қатысты. Эстафеталық жүгіру жарысы 10 кезең бойынша Шымкент қаласындағы Д.Қонаев даңғылы бойымен 5200 метр қашықтықты жүгіріп өтті. Мүмкіндігі шектеулі жандардың құқықтарын қорғау

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНЫҢ КЕПІЛІ



спорттық тәрбиелеудің жалпыұлттық жүйесін қалыптастыру көзделген. Сондай-ақ ата-ақ аталған құжатта жасы мен әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, азаматтарды елдің спорттық өміріне белсенді тарту, отандық спорттың халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру, еңірлік спорт қоғамдастықтарын қолдау, жалпыұлттық спорт брәндтерін қалыптастыру, бұқара халық арасында спортты және саламатты өмір салтын насихаттау мақсатында ақпараттық жұмыс ауқымын кеңейту көрсетілген. Спорт инфрақұрылымы мен спорт түрлері бойынша клубтар желісін дамыту арқылы қолжетімді спорттық және дене шынықтыру-сауықтыру көрсетілетін қызметтер нарығын кеңейту мәселелері жан-жақты қамтылған. Бұл орайда Оңтүстік Қазақстан облысында ауқымы жұмыстар атқарылып келеді. Мұны облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Әлібек Нұртаевпен өзара өңгімелескенде де анық аңғардық.

және өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында Оңтүстік Қазақстан облысында мүгедектерге арналған кешенді мамандандырылған спорт мектебі 2007 жылдан бері жұмыс атқаруда. Бұл спорт мектебінде мүмкіндігі шектеулі жандармен спорттың 18 түрінен 31 жаттықтырушы 335 спортшымен жұмыс жасайды. Биыл мамыр айының алғашқы күндері Түркістан қаласындағы Б.Саттарханов атындағы спорт кешенінде 90 жылдық тарихы бар облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінің жүлдесіне арналған Қазақстан 60-шы облыстық турнирі өтті. Жарыс жеке-кей салмақтар бойынша өткізіліп, барлық қала, аудандардан 150 балауан қатысты. «Түйе палуан» жүлдесі үшін 80 келіден жоғары 28 палуандар күресіп, Шардара ауданының палуаны Ерсултан Мұзафаров мықтылығын дәлелдеді. Өңірде мектеп лигасы шеңберінде футболдан — «Былғары доп», футболдан — «Тенбіл доп», волейболдан — «Шұбар доп», баскетболдан — «Алтын доп», гандболдан

Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданып - халықты сауықтырып, олардың өзін-өзі танытуы мен дамуының неғұрлым қолжетімді және тиімді тетігі, бәйлеуметтік құбылыстарға қарсы күрес құралы болып табылады.

(Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасынан)

«Ұшқыр доп» бойынша сайыстар 4 кезеңмен өткізілді. Қалалық, аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі мен білім бөлімі бірлесіп жергілікті жалпы орта мектептердің арасында жыл сайын оқушылар арасында спорт түрлері бойынша спартакиадалар ұйымдастырылып өткізілуде. Облыс көлемінде 63 (38 олимпиадалық, 25 олимпиадалық емес) спорт түрі дамытылуда. 2018 жылдың 5 айында облыс спортшылары спорттың 63 түрі бойынша Қазақстан Республикасының чемпионаттары, кубоктары мен біріншіліктеріне қатысып, 378 — алтын, 370 — күміс, 348 қола медаль жеңіп алды. Жыл басынан бері өткен Азия чемпионаттары мен кубоктарында облыс спортшылары, 54 — алтын, 43 — күміс және 26 қола медальге қол жеткізсе, осы уақыт арасында Әлем чемпионаттары мен кубоктарында облыс спортшылары, 9 алтын, 4 күміс және 7 қола медальге ие болды.

Жыл басынан бері облыста 15 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 51 Қазақстан Республикасының спорт шебері, 322 спорт шеберлігіне үміткер спортшы дайындалды. Спорт түрлері бойынша ұлттық құрама сапына енген 130-дан астам спортшыға Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2018 жылғы 19 қаңтардағы №22 қаулысына сәйкес, ай сайын стипендия төленеді екен. Өңірде 5472 спорт нысаны бар. Оның ішінде, 23 стадион, бір спорт сарайы, 3 құрама командалардың оқу-жаттығу орталығы, 37 спорт кешені, 33 спорт манежі, бір шаңғы базасы, бір есу базасы, 206 ату тирі, бір ату алаңы, бір хоккей қорты, 29 теннис қорты, 3 ипподром, 32 жүзу бассейні, 1034 спорт зал, 3942 алаңқай. Жастар мен жасөспірімдердің бос уақыттарынан тиімді пайдалану, спортпен шұғылдануға қолжетімділігін арттыру мақсатында жалпы облыс көлемінде қала, аудандардың елді мекендерінен, көпқабатты үйлердің ауласында, саябақтар мен аллеялардан жергілікті бюджет және демеушілер есебінен бірқатар спорт алаңқайы, Street workout жаттығуларына арналған құрылғылар халық игілігіне берілген. Биыл 20-ға жуық спорт алаңқайларымен көше жаттығуына арналған алаңдар салу жоспарлануда.

Биыл облыстық бюджет есебінен Қазығұрт ауданының орталығы «Қазығұрт» ауылында және Отырар ауданындағы «Шәуілдір» ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешендері құрылыстары жүргізілуде. Аталған жобалар ағымдағы жылдың екінші жартыжылдығында пайдалануға беру жоспарлануда. Сонымен қатар Бәйдібек ауданындағы Шаян ауылында жүзу кешені, теннис қорты, спорт алаңқайларының құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осы жылдың желтоқсан айында спорт нысандарын пайдалануға беру жоспарлануда. Сондай-ақ, облыс көлемінде спорт саласында мемлекеттік-жекеменшік серіктестік тетігі арқылы бірқатар спорт нысандарының құрылысы жүргізілуде.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ, Оңтүстік Қазақстан облысы

ҰЛТ МҰРАСЫ — ҰРПАҒЫНЫҢ ОЛЖАСЫ

Осы бағытта жұмыс істеп, бір сәт қалғып кеткен ұлттық құндылықтарды қайта жаңғырту орайында өзіндік үлесін қосып келе жатқан Ақмола облысындағы Балуан Шолақ атындағы балалар мен жасөспірімдер ұлттық спорт мектебінің әрідегі тарихына ой көзімен үңілетін болсақ, білім ошағы іргетасын 1991 жылдың қазан айында қалаған екен. Алғашында «Дәстүр және өнер» мектебі аталған. Бастапқыда негізгі мақсаты — ат спортын дамыту еді. Ол кезде мектепте бар болғаны алты жаттықтырушы жұмыс істеген. Жер-жерден табанның желі бар жүйрік аттарды жинап, атқа құмар балалардың басын қосып, талпыныс жасаған. Арада жеті жыл өткенде төрт бірдей спорт шеберін дайындап үлгеріпті. Облыстық және республикалық ат

шын жүйрік болу үшін жаратылыстың өзі сыйлаған қабілет-қарымға не жетсін. Қазіргі күні менен жорғаны бұзып алмай үшін не істеу керек деп жиі сұрайды. Алдымен аттың басына мінітетін балалардың салмағы жеңіл, өздері ширақ, аңғарымпаз болғандары жөн. Шабандоздар шабыс кезінде аттың жайын түсіне біліп, біртұртас болып кеткендері абзал. Ал баптауына келетін болсақ, ол атадан балаға мұра болып қалған дәстүрлі әдіс барлық жерде бірдей. Негізі жас ұрпақты жылқыға жақындатудың көп жақсы әсері бар. Ол жай елдің бәріне мәлім ғой, — дейді М.Қосшығұлов. Тәжірибесі толысқан ұлттық мектеп үшін әсіресе 2016 жыл табысты жыл болды. Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығын жан-жақты атап өтуге қапысыз қамданған

«Қазақстан тәуелсіздігі кезеңінде 20-дан астам ұлттық спорт түрі жанданып дамыды. 2014 жылдың қорытындысы бойынша қарқынды түрде дамыған ұлттық спорт түрлерімен 265,7 мыңнан астам адам шұғылданады (2012 жылы – 229,9 адам, 2013 жылы – 250,9 адам). Ұлттық ат спорты жарыстарын жоғары деңгейде ұйымдастырып өткізуге жағдай жасалуда»

(Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасынан)

жарыстарында Құлагер шапқан қырлардағы ілкі заманның үрдісін жалғастырушылардың аты біртіндеп шыға бастады. Сол жылдың тамыз айында Астана қаласында тұңғыш рет халықтар бірлігі күні Қазақстан Республикасы Президентінің жүлдесіне бірінші халықтық ойындар өткізілді. Ел еңесін көтерген мерейлі мерекеле ұйымдастырылған бәйгеле осы мектептің оқушысы Сергей Крищенко жиырма шақырымдық жарыста бірінші орын алды. Ат иесі «Жигули» автомашинасын олжалады. Міне, осы кезеңнен бастап ел назары мектепке ауған. Ат спортын дамытуға елеулі үлес қоса бастаған мектеп ендігі арада асыл тұяқпен ендігі арада асыл тұяқпен аттардың басын көбейтуге, ел енісін шығып бара жатқан ат баптау мәдениетіне ықпал ете бастады.



ұжым «Үздік спорт мектебі» атағына ие болды. Қазіргі таңда аталмыш мектепте ұлттық спорттың тоғыз түрі бойынша балалар мен жасөспірімдер жаттықтырылуда. Облыс орталығы мен алты ауданда ұлттық спорт түрлерімен 700-ден астам спортшылар айналысуда. Табыстар да аз емес. Сөз арасында жүлделерлердің есімдерін де атай кеткен орынды болмақ. Мәселен, 2016–2017 оқу жылында Солтүстік Қазақстан облысының Қызылту кентінде өткен КСРО-ның құрметті спорт

Көненің көмбесін ашып, уақыт шымылдығымен көмкерілген дүниелерді жарқырата жас ұрпақтың бойына сіңірудің маңызы өте зор. Тұтастай алып қарағанда, ұлттық спорттың ойындарда жылдамдық, шеберлік, әдемілік пен әсемдік көрініс тапқан. Түйіндеп айтқанда, ұлттық ойындардың мүмкіндіктері жас толқынның патриоттық сезімдеріне игі әсерін тигізетіні даусыз.

Байқал БАЙӘШЛОВ, Ақмола облысы



ӘУАЕТ



Елбасымыздың бастамасымен отбасылық құндылықтарды дәріптеу мақсатында өткізілетін «Мерейлі отбасы» байқауы бес жылдан бері өткізіліп келеді. «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы – өнегелі құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы үлгісін ел ішіне таратып, мәртебесін арттыруға бағытталған шара. Өнегелі отбасыны көпшілікке ұлықтау, келер ұрпаққа үлгі ету – байқаудың басты мақсаты.

Ақтаудағы Нұрмұхан Жантөрин атындағы музыкалық-драма театрында «Мерейлі отбасы – 2018» облыстық байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі ұйымдастырылды. Аталған шара барысында еңбек, білім, өнер, шығармашылық саласында жетістікке жетіп, байқаудың жеңімпазы атанған отбасыларды облыс әкімінің орынбасары Максат Скаков құттықтады.

Отбасы – береке мен бірліктің қайнар көзі. Отбасының бірлігі – Отанның бірлігі. Байқаудың алғашқы жылында Маңғыстау облысының аудандары мен қалаларынан спорт, білім, ауыл шаруашылығы, өнер салаларынан құралған 18 отбасы қатысты. Ал 2015 жылы қатысушылар 21 отбасыға көбейді. Өңірде 2016-2017 жылы 22 үлгілі отбасы аталған байқауға қатысып, белсенділік танытқан. Жыл сайын

Маңғыстаудағы



жалғасын тауып келе жатқан «Мерейлі отбасы» конкурсына биылғы жылы 25 отбасы қатысып отыр.

Дәстүрлі байқаудың шымылдығы өнерпаздардың орындауындағы ән-күймен

үздігі, абыройлы ауыл ақсакалы. Өнегелі отбасының ұйтқысы болған Дәмежан апай көп жылдар ауыл шаруашылығы саласында қызмет атқарып, 70 жасында өмірден озды. Отбасындағы балалары мен келіндерін




түрілі. Жария етілген сайыс қорытындысы бойынша 3-орынды Бейнеу ауданынан келген Өмірөвтер отбасы иеленді. Отағасы Өтепқали Өміров – зергер. Өнегелі отбасы қазақ халқының зергерлік өнерін насихаттап, өңірге көлөнерді жасау шеберлігімен танылған әулет. Маңғыстау облысының үздік кәсіпкері атағын екі рет иеленген, «Үздік тауарлар» аймақтық көрме-конкурсының лауреаты. Жұбайы Айнахан Есетова – облыстық «Маңғыстау» газетінің Бейнеу ауданындағы меншікті тілшісі, бірнеше кітаптардың авторы. Отбасында екі ұл, бір қызы және бір немересі бар.

Маңғыстау ауданынан қатысушы Озғанбаевтар отбасы 2-орын тұғырынан көрінді. Төрәәлі Озғанбаев – 85 жастағы тұл ардагері, 40 жыл ұстаздық еткен халық ағарту ісінің

есептегенде 8 білікті ұстаз бар. Әулеттің атасы төрт ұл және үш қыздан 33 немере мен 19 шөбере сүйіп отыр. Жұлделі орынға лайықты деп танылған Қаракия ауданының Көшеновтер отбасы өнегелі жанұялардың қатарында сый-құрметке бөленді. Аталған әулеттің басшысы Тұрсынғали Көшеноұлы – Қаракия ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Президентінің



«Мерейлі отбасы»



TURKISH AIRLINES

ТҮРІК ӘУЕ ЖОЛДАРЫНЫҢ БИЗНЕС КЛАСЫН ҚАРСЫ АЛЫҢЫЗ!

КҮН САЙЫН АЛМАТЫДАН А330 ЖАЙЛЫ РЕЙСІМЕН ҰШЫҢЫЗ!

ВСТРЕЧАЙТЕ БИЗНЕС КЛАСС ТУРЕЦКИХ АВИАЛИНИЙ!

ЕЖЕДНЕВНЫЕ РЕЙСЫ ИЗ АЛМАТЫ С КОМФОРТОМ А330!

TURKISHAIRLINES.COM
A STAR ALLIANCE MEMBER

Құрмет грамотасымен марапатталған ардагер мұнайшы. Жұбайы Қаншайым Жүсіпқызы кезінде Таушық ауруханасында қызмет атқарған. Тамыры кенге жайылған үлгілі әулеттен өрбіген 4 қыз бен 2 ұлдан 20 немере, 1 шөбересі бар.

Байқау қорытындысы бойынша ең үздік деп танылып, бас жұлде табыс етілген Жаңаөзен қаласынан қатысушы Қалдамановтар отбасына республикалық байқауға жоллама берілді. Аймақ жұртшылығы бұл отбасыны ұстаздар әулеті деп біледі. Әулет мүшелерінің көпшілігі ұстаздық жолында қызмет етуде. Мемлекеттік «Балапан» бағдарламасы аясында 2010 жылы 75 балаға арналған «Каспий» балабақшасын ашқан. 2017 жылы «Каспий» зияткерлік мектебін ашып, бүгінгі таңда Жаңаөзен қаласының 150-ге жуық бастауыш сынып оқушыларына білім беріп отыр. Қаладағы барлық қайырымдылық шаралардың үнемі басы-қасынан табыла білетін отбасы қайырымдылық істердің де иінін келтіріп келеді. Отағасы Исенбай Әбейұлы – Қазақстан білім беру ісінің үздігі, 2016 жылдың үздік кәсіпкері атағын иеленген азамат. Өмірлік серігі Зылиха Максұтқызы ағылшын тілі пәнінің оқытушысы, ұлағатты ұстаз. Өнегелі отбасында 4 ұл мен қыздан өрбіген 5 немересі бар.

Жеңімпаздар мен барлық жұлдегерлерге ақшалай сыйлықтар мен алғыс хаттар табысталды. Аймақтық байқау жеңімпазы атанған Қалдамановтар жанұясы алдағы уақытта «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының республикалық кезеңінде облыс намысын қорғайтын болады.

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ,
Маңғыстау облысы

**Бас редактор – директор
Срайыл СМАЙЫЛ**

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС – жасатар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Бейсен НАРЫНБЕК – Астана қаласы (8 702 799 79 23)

Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Лина АЙДЫН – Алматы облысы (8 707 666 16 03)

Баиян ЖАНҰЗАКОВА – Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-кабат

(М.Мақатаев көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК

(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)

тел: (727) 273-12-04, 273-12-54

Тапсырыс – №2117;

Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы – 50 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.